# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2019 жылдың 16 қыркүйегіндегі
№ 44 хаттама)

**б е к і т і л д і**

2019 жылдың 01 қазанынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

# МҮШЕЛІК ТУРАЛЫ ҚАҒИДА

Алматы қ.

2019

# ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. **№ 1 өзгертулер мен толықтырулар:**
   – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 37 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   – 2020 ылдың 05 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.
2. **№ 2 өзгертулер мен толықтырулар:**
   – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 11 қарашадағы № 37 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   – 2020 ылдың 12 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.
3. **№ 3 өзгертулер мен толықтырулар:**
   – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 10 наурызындағы № 14 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   – 2021 жылдың 29 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.
4. **№ 4 өзгертулер мен толықтырулар:**
   – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 29 қарашасындағы № 67 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   – 2021 жылдың 30 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.
5. **№ 5 толықтырулар:**
   – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылдың 24 желтоқсанындағы № 71 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   – 2021 жылдың 27 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.
6. **№ 6 өзгертулер мен толықтырулар:**
   – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі № 28 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   – 2022 жылдың 30 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.
7. **№ 7 өзгертулер мен толықтырулар:**
   – "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылдың 04 сәуіріндегі № 8 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   – 2023 жылдың 05 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – Биржа) жарғысына сәйкес әзірленіп, Биржа мүшелігінің санаттарын, Биржаға мүшелік етуге ниеттенген ұйымдарға қойылатын талаптарды, Биржа мүшелеріне қойылатын талаптарды, Биржа мүшелігіне қабылдау тәртібін, Биржа мүшелігінің уақытша тоқтатылуы және біржола тоқтатылуы, Биржа мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ,Биржа мүшелерінің ақпараттар ашу тәртібін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Осы Қағидада пайдаланылған ұғымдар мен терминдер

1. Осы Қағида қолданылған ұғымдар мен түсініктер келесіні білдіреді:

   1) "**Биржаның ішкі құжаттары немесе ішкі құжаттар"** – Биржаның құрылтайшылық құжаттарын, Биржаның бағалы қағаздар нарығының субъекті ретіндегі ішкі құжаттары мен Биржаның сауда-саттық ұйымдастырушысы ретіндегі ережелерін (осылар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей), Биржа органдарының, лауазымды тұлғаларының құзыреттіліктері шегінде Биржа мүшесіне (мүшелеріне) және/немесе қаржы құралына (қаржы құралдарына) қатысты қабылданған және жазбаша түрде рәсімделген, шешімдері;

   2) **"кіру, ай сайынғы мүшелік жарналар және биржалық алымдар"** – осы түсінік, Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылдың 13 шілдесіндегі № 22 отырыс хаттамасы), "Мүшелік жарналар, биржалық және клирингілік алымдар туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында анықталғандай;

   3) **"Биржаның шетелдік мүшесі"** – Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған, заңды тұлға болып табылатын, Биржа мүшесі;

   4) **"шетелдік реттеуші орган**" – Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметтің немесе шетел валютасымен жасалатын мәмілелердің (айырбастау операцияларының) (мемлекеттік) реттеуін, бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын, Биржа мүшелігіне үміткер немесе Биржаның шетелдік мүшесі болып табылатын, орган (ұйым немесе ассоциация),

   5) **"интернет-сайт"** – осы ұғым Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы "Акционерлік қоғамдар туралы" заңында "корпоративтік веб-сайт" ұғымына, немесе Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 11 қаңтарындағы "Ақпараттандыру туралы" заңында "интернет-сайт" ұғымы анықталғандай;

   6) **"Биржаның даулар мен жанжалдарды шешу жөніндегі комиссиясы" немесе "Комиссия"** – осы ұғым Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді жүзеге асыру барысында туындайтын даулар мен жанжалдарды шешу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатымен анықталғандай *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;

   7) **"маркет-мейкер"** – осы ұғым Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2016 жылдың 31 тамызындағы № 22 отырыс хаттамасы), "Маркет-мейкерлер туралы қағида" атты Биржаның ішкі құжатында анықталғандай;

8) **"АЕК"** – зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, айыппұл ықпалшараларын қолдану, салық салу және басқа да төлемдерді қолдану үшін арлаған айлық есептік көрсетекіш, оның мәні Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен тиісті жылдарға белгіленеді;

9) **"аралық қаржылық есеп берушілік"** – ұзақтылығы бір жылдан кем, кезеңге қаржылық есеп берушілік;

10) **"рейтингілік агенттік"** – Standard & Poor's рейтингілік агенттігі, немесе Fitch Ratings рейтингілік агенттігі, немесе Moody's Investors Service рейтингілік агенттігі;

10-1) **"АХҚО реттеуші органы"** – АХҚО қатысушыларының қызметін реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын "Астана" халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) органы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;

11) **"Биржаның сауда-саттық жүйесі немесе сауда-саттық жүйесі"** – Биржа мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздар және басқа да қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға арналған, материалды-техникалық құралдар, Биржаның ішкі құжаттары және басқа да қажетті активтер мен процедуралар кешені;

12) **"трейдер"** – Биржа мүшесінің атынан Биржаның Сауда-саттық жүйесі арқылы мәмілелер жасасуға және басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға өкілденген, жеке тұлға тұспалданады;

13) **"Уәкілетті орган"** – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарды реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімміен өзгертілген)*;

14) **"уәкілетті бөлімше"** – функциясы Биржа мүшелерінің мониторингі болып табылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшесі;

14-1) **"АХҚО қатысушысы" –** АХҚО қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлға, сондай-ақ АХҚО аккредитацияланған өзге де заңды тұлға *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*;

15) **"электрондық сандық қолтаңба"** – осы ұғым Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 07 қаңтарындағы "Электрондық құжат және электрондық сандық қолтаңба туралы" заңында анықталғандай;

16) **"is2in"** – (ISSUERS TO INVESTORS): Биржа мүшелеріне Биржаға құжаттар мен ақпаратты, кейіннен Биржаның интернет-сайтында автоматты тәртіптемеде орналастыра отырып, электрондық түрде (мұндай құжаттардың қағаз нұсқаларын ұсынбай) беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, Биржа мен оның мүшелері арасындағы электрондық құжат айналымының мамандандырылған жүйесі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілді)*.

2. Осы Қағидада қолданылған ұғымдар мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.

3. Осы Қағидада қолданылған ұғымдар мен терминдер Биржаның басқа да ішкі құжаттарында, қызметтік құжаттама мен хат алмасуларда, содай-ақ биржалық ақпараттарда қолданылуы мүмкін.

## 2 бап. Жалпы шарттар

1. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардан басқа қаржы құралдарымен мәміле жасасуға құқығы бар, өзге де тұлғалар Биржа мүшесі бола алады.

2. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдік тұлғалар Биржаның шетелдік мүшелері және АХҚО қатысушылары болып табылатын Биржа мүшелері бола алады.

   Биржаның шетелдік мүшесі және/немесе АХҚО қатысушысы болып табылатын Биржа мүшесі Биржада қызметті жүзеге асыру кезінде, егер Биржаның шетелдік мүшелері және/немесе АХҚО қатысушылары болып табылатын Биржа мүшелері үшін жекелеген нормалар (талаптар, шарттар, шектеулер) белгіленбесе, осы Қағиданың нормаларын және Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын Биржа мүшелері үшін белгіленген Биржаның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алуға міндетті.

   Биржаға ұсынылатын кез келген құжаттар мен ақпаратты Биржаның шетелдік мүшесі және АХҚО қатысушысы болып табылатын Биржа мүшесі Биржаға қазақ, және/немесе орыс, және/немесе ағылшын тілдерінде ұсынуы тиіс.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі және 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

3. Биржа мүшелігіне қабылдауды ұйымдастыру және мүшелікті тоқтату туралы сұрақтар Биржаның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) құзіреттілігіне жатқызылады (13 баптың 1-1 тармағында белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда) *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

4. Ұйымдарды Биржа мүшелігіне қабылдау мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау уәкілетті бөлімше дайындаған тұжырымдамалар негізінде жүзеге асырылады. Уәкілетті бөлімше дайындаған тұжырымдама ұйымның осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ құрылу ерекшеліктеріне, ағымдағы қызметіне, ірі акционерлерге (қатысушыларға), түпкілікті бенефициарларға, ұйымның ағымдағы қаржылық жағдайына, қолда бар шектеулерге және директорлар кеңесінің негізделген шешім қабылдауы үшін қажетті өзге де ақпаратқа қатысты қосымша ақпарат қамтылуы тиіс *(јсы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережелерге сәйкес Биржаға ұсынылуы тиіс, Биржа мүшесі және оның қызметі туралы ақпараттың толымдығына, дәлдігіне және актуалдығына Биржа мүшесі жауапты болады.

5-1. Биржа мыналарға жауапты емес:

   1) Биржа мүшесінің ұсынған оның қызметі туралы ақпараттың толымды емес, дәл емес және актуалды емес ақпараты негізінде осы Биржа мүшесі туралы мүдделі тұлғалардың қате түсінігі қалыптасуына;

   2) Биржа мүшесінің ақпаратты жасыруы;

   3) ақпаратты, жеке мәліметтерін, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Биржа мүшелерінің ішкі құжаттарымен сәйкес жария етілуге жатпайтын өзге де мәліметтерді жария етуге жазбаша келісім бермеген тұлғалардың жеке деректерін, сондай-ақ басқа ақпараттарды ашуға қойылатын

талаптарды орындау шеңберінде Биржа мүшесі ұсынған, құжаттардағы мазмұн.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімміен енгізілген)*

5-2. Ақпаратты жасыру немесе Биржаға толық емес немесе дұрыс емес ақпарат беру фактілері анықталған жағдайда, Басқарманың шешімі бойынша Биржаның мүшесіне қатысты осы Ережеде қарастырылған ықпалшаралар қолданылуы мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

Биржа мүшесінің толымсыз, дәл емес, расталмаған немесе актуалды емес ақпаратты ұсынуы негізінде мүдделі тұлғалардың осы Биржа мүшесі туралы қате түсінігі қалыптасуы мүмкін болып, сондай-ақ осындай ақпаратты жасырғаны үшін Биржа жауапты болмайды. Биржаға осындай ақпаратты ұсыну фактілері анықталған жағдайда Басқарма шешімі бойынша, осы ережелерда қарастырылған, ықпалшаралар қолданылуы мүмкін.

6. Биржа мүшесін қабылдауға және Биржадағы мүшелікті тоқтатуға, Биржа мүшелерінің ақпараттар ашуына және Биржада қызметті жүзеге асыруға қатысты сұрақтарды реттеу тәртібі осы Қағидада және Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталмаған жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешілу ге жатады, осындай сұрақты шешу мүмкін болмаған жағдайда – Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес шешіледі, егер осындай шешімді қабылдау Биржа Басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) құзіреттілігіне жатқызылмаса.

7. Қағидаға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар, осы өзгертулер мен толықтыруларды қабылдау және/немесе бекітілгенде өзгесі белгіленбесе, Биржа мүшелерінің мүшелік алу датасына қарамастан қолданылады.

8. Осы Қағидаға немесе Биржаның басқа да ішкі құжаттарына Биржа мүшесінің мүддесін шектейтін өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, Биржа мүшесі мүшелікті тоқтатуды бастамалауға құқылы.

9. Биржа мүшесі Биржаның, осы Қағидаға немесе Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес, алған ақпараттарды тарату бойынша әрекеттеріне, егер осы ақпарат заңмен қорғалатын құпия болмаса және осы Қағидаға немесе Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес ашылуға жататын болса, тыйым салуға немесе шектеуге құқығы жоқ *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*

## 3 бап. Биржадағы мүшелік санаттары

1. Биржа мүшелері, сауда-саттығына қатысуға құқылы қаржы құралдарының түрлеріне қарай, мынадай санаттар бойынша мүшелік етуге құқылы:

   1) "валюталық" – Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, шетел валюталарының, соның ішінде валюталық нарықта айналысқа жіюерілген, туынды қаржы құралдарының биржалық сауда-саттығына қатысу құқығымен *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*;

   2) "деривативтер" – туынды қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысу құқығымен.

   3) "қор" – Биржада айналысқа (сауда-саттыққа) жіберілген бағалы қағаздардың, сондай-ақ валюталарға немесе туынды қаржы құралдарына жатқызылмаған, бағады қағаздардың сауда-саттығына

қатысу құқығымен *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*;

2. Бір ұйым бірнеше санат бойынша Биржада мүшелік ете алады.

3. "Валюталық" санаты бойынша Биржа мүшелері, Биржада саудаланатын, барлық шетел валюталарының сауда-саттығына (бірінші деңгейдегі рұқсаттама) немесе, АҚШ долларынан өзге, шетел валюталарының сауда-саттықтарына (екінші деңгейдегі рұқсаттама) рұқсаттамасы болуы мүмкін, осы Қағиданың 9 бабының 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен толықтырылған)*.

   "Валюталық" санат бойынша Биржа мүшесіне бірінші немесе екінші деңгейдегі рұқсаттама беру туралы шешімді Директорлар кеңесі ұйымды Биржа мүшелігіне "валюталық" санат бойынша қабылдағанда немесе осы Биржа мүшесінің рұқсаттамасының шарттарын қайта қарағанда қабылдайды. Осыйндай қайта қарауды Биржа мүшесі Биржаға өтініш беру арқылы бастамалайды немесе Биржа Басқармасы осы Биржа мүшесінің осы қағиданың немесе Биржаның басқа да ішкі құшжаттарының нормаларын бұзушылығын Биржа анықтағанда бастамалайды.

   Биржаның ішкі құжаттарында немесе Биржа органының құзіреттілігі шегінде қабылданған шешімімен өзгесі қарастырылмаса, "валюталық" санат бойынша Биржа мүшелерінің барлығына, рұқсаттама деңгейіне қарамастан, осы қағиданың және Биржаның басқа да ішкі құжаттарының нормалары қолданылады.

4. Директорлар кеңесі "валюталық" санат бойынша Биржа мүшесіне екінші деңгейдегі рұқсаттаманы келесі жағдайларда белгілеуге құқылы (осы баптың 5 тармағында белгіленгенді қоспағанда):

   1) бұрын Биржа мүшесі болмаған ұйымды Биржа мүшелігіне қабылдағанда;

   2) "валюталық" санат бойынша Биржа мүшесінің еркін түрде жазылған және Биржа мүшесінің Биржамен әрекеттесуге өкілденген бірінші жетекшісімен немесе оның орнындағы тұлғаның қолы қойылған, валюталық нарықтағы сауда-саттықтарға рұқсаттаманы шектеу туралы өтініші бойынша *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*;

   2) Биржа мүшесінің, сауда-саттықтарға қатысу, клиринг және сауда-саттық нәтижелері бойынша есеп айырысу сұрақтарын реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарының нормаларын жүйелі түрде (бір күнтізбелік тоқсан барысында үш және дан аса рет) бұзу фактілері анықталғанда *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

5. Директорлар кеңесі "валюталық санат" бойынша Биржа мүшесінің кәсіби оң беделі болып, Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау әдістемесіне сәйкес оның рейтингі "C" деңгейінен төмен емес, осы баптың 4 тармағының 3) тармақшасында аталған ереже бұзушылықтар Биржа өткізетін сауда-саттықтарға, клирингке және есеп айырысуларға елеулі әсер етпесе, осы Биржа мүшесіне осы баптың 4 тармағының 1) және 3) тармақшаларында белгіленген негіздер бойынша екінші деңгейдегі рұқсаттаманы орнатпауға құқылы *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

**4 бап. Биржаның ішкі құжаттары**

1. Биржаның ішкі құжаттары қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе ғана қолданыста болады.
2. Биржаның ішкі құжаттарының мазмұны оның мүшелеріне, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған болса, осы құжаттардың мәтінін және/немесе олардың қабылдануы, бекітілуі немесе өзгертілуі туралы хабарламаларды Биржаның интернет-ресурсында жариялау арқылы ұсынылады.
3. Мазмұндары назарына жеткізілмеген, ішкі құжаттардың орындауын Биржа өз мүшелерінен талап етуге құқығы жоқ.
4. Биржаның ішкі құжаттары оның зияткерлік меншік түрі болып табылып, Биржа мүшелеріне тек арадағы қарым-қатынастарды реттеуге жетекшілік ету мақсатында ұсынылады. Биржаның ішкі құжаттарын көшіру айтылмыш мақсаттарға жету үшін қажетті болғанға дейін ғана рұқсат етіледі. Биржа рұқсат етпеген оның ішкі құжаттарын қандай да бір басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.

## 2 тарау. БИРЖА МҮШЕЛІГІНЕ ҚАБЫЛДАУ

**5 бап. Биржа мүшелігіне үміткерлерге қойылатын талаптар**

1. Биржа мүшелігіне "валюталық", және/немесе "қор", және/немесе "деривативтер" санаты бойынша қабылдауға үміткерлер (бұдан әрі – үміткер) осы Қағиданың 1 қосымшасында берілген талаптарға сай болуы тиіс.
2. "Валюталық", және/немесе "қор", және/немесе "деривативтер" санаты бойынша Биржаның шетелдік мүшесі болып қабылдануға үміткерлер (бұдан әрі – шетелдік мүше болуға үміткер) осы Қағиданың 2 қосымшасында берілген талаптарға сай болуы тиіс.

2-1. "Валюталық" және/немесе "қор" және/немесе "туынды құралдар" санаттары бойынша АХҚО қатысушысын Биржа мүшелігіне қабылдау үшін Биржаға мүше болуға үміткер заңды тұлға (бұдан әрі – АХҚО қатысушысы болып табылатын үміткер) осы Қағиданың 2-1 қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

3. Терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға тікелей немесе жанама байланысты, террористік қызметке қатысы бар және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің интернет-ресурсында орналастырылатын осындай адамдардың тізіміне енгізілген тұлға кандидат, оның ішінде шетелдік мүшелікке кандидат және АХҚО қатысушысы болып табылатын кандидат, бола алмайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы және 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.
4. Шетелдік мүшелікке кандидаттар мен АХҚО қатысушылары болып табылатын кандидаттар үшін жекелеген нормалар (талаптар, шарттар, шектеулер) белгіленген жағдайларды қоспағанда, Биржаның шетелдік мүшелігіне кандидат және АХҚО қатысушысы болып табылатын кандидат осы Қағиданың Биржа мүшелігіне кандидаттар үшін белгіленген нормаларын басшылыққа алуы тиіс алмайды *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

## 6 бап. Биржа мүшелігіне үміткерлердің ұсынатын құжаттары және осындай құжаттарға қойылатын талаптар

1. Биржа мүшелігіне қабылдау үшін үміткер Биржа Басқармасына (бұдан әрі – Басқарма), тізімі осы Қағиданың 3 қосымшасында берілген, құжаттарды ұысуны тиіс.

2. Бирданың шетелдік мүшесі болып қабылдау үшін шетелдік мүше болуға үміткер Биржа Басқармасына (бұдан әрі – Басқарма), тізімі осы Қағиданың 4 қосымшасында берілген, құжаттарды ұысуны тиіс.

2-1. Биржа мүшелігіне қабылдау үшін АХҚО қатысушысы болып табылатын кандидат Биржаға тізбесі осы Қағиданың 4-1 қосымшасында белгіленген құжаттарды ұсынуы тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.

3. Тізбесі осы Қағиданың 3 немесе 4 немесе 4-1 қосымшада белгіленген құжаттар топтамасымен бірге АХҚО-ға қатысушы болып табылатын шетелдік мүшелікке кандидат немесе кандидат осы Қағиданың 5 қосымшасының нысаны бойынша Биржа мүшелігіне (Биржаның шетелдік мүшелігіне) қабылдау туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) ұсынуы тиіс *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

   Биржа өтінішті алған күніне қарамастан, ол құжаттардың соңғысын (осы Қағидадың 7 бабының 2 тармағына сәйкес қосымша сұратылған соңғы ақпаратты) алғаннан кейін өтінішті Биржа карауға қабылдады деп есептеледі.

   Биржа өтінішті осы өтінішпен бірге осы Қағидада және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында карастырылған барлық құжаттарды (мәліметтерді немесе ақпаратты) осындай өтінішті қарау үшін ұсынған кезде ғана карауға қабылдайды. Мұндай құжаттарды (мәліметтерді немесе ақпаратты) бермеген немесе ішінара берген кезде Биржа өтінішті қарауға қабылдаудан бас тартады.

   Егер үміткердің қандай да бір құжаттары Биржаға бұрын ұсынылған болса және өзекті болып табылса, мұндай құжаттарды қайта ұсыну талап етілмейді.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*

4. Биржаға ұсынылатын кандидаттың құжаттары осы Қағидада белгіленген нысандар бойынша ресімделуі тиіс, Халықаралық экономикалық санкциялар тәртітемесінің сақталуын қамтамасыз ету бөлігінде ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша Биржа клиентінің сауалнамасы және Биржа Басқармасы бекіткен нысан бойынша Халықаралық экономикалық санкциялар тәртіптемесінің сақталғаны туралы куәлік-хат, мұндай нысандар болмаған кезде өзге де құжаттар бойынша – еркін нысанда ресімделуі тиіс және Биржаға қағаз жеткізгіштерде немесе электрондық түрде берілген *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

   Биржаға .pdf форматтағы файл түрінде ұсынылатын құжаттар осындай құжаттардың қағаз тасымалдағыштағы түпнұсқаларының сканерленген нұсқалары болуы тиіс.

   Бірнеше парақтан тұратын қағаз тасымалдағыштардағы құжаттар тігілуі, нөмірленуі және Биржамен өзара іс-әрекет жасауға уәкілетті адам қол қоюы тиіс.

   Көрсетілген құжаттардың электрондық нұсқаларында және олардың түпнұсқаларында немесе Биржаға қағаз тасымалдағыштарда ұсынылған көшірмелерінде қамтылған деректердің бірдей болуы үшін үміткер жауапты болады.

*(Осы тармақ Біржанның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толтырылған и изменен решением директоров Совета биржи от 10 марта 2021 года)*

5. Уәкілетті бөлімшемен тұжырымдама дайындауына қажетті қосымша құжаттардың тізімін осы құрылымдық бөлімше өтініш қабылдаған кезде, үміткермен келісе отырып, анықтайды.

**6-1 бап. Биржа мен үміткердің арасындағы өзара іс-әрекет тәртібі**

1. Биржа мүшелігіне кандидатты қабылдауға байланысты процедураларды жүзеге асыру мақсатында Биржа мен үміткердің арасындағы байланыс құралы құжаттармен (ақпаратпен, мәліметтермен) алмасу болып табылады:

   1) is2in жүйесінде; немесе

   2) қағаз тасымалдағыштарда.

2. Үміткер өтінішті және қағаз тасымалдағыштардағы құжаттарды берген кезде is2in жүйесі арқылы құжаттармен (ақпаратпен, мәліметтермен) алмасу арқылы Биржа мүшелігіне үміткерді қабылдау процедураларын жүзеге асыру мүмкін емес.

   Is2in жүйесінде техникалық жаңылыстар анықталған жағдайда, Биржа мүшелігіне үміткерді қабылдау процедуралары осы жүйенің жұмысқа қабілеттілігі қалпына келген сәтке дейін қағаз тасымалдағыштарда жүзеге асырылатын болады.

3. Кандидат өтініш пен құжаттарды is2in жүйесі арқылы берген кезде мұндай өтініш пен құжаттар осы жүйеге кілттерін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жасаған электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған электрондық құжаттар түрінде жүктелуі тиіс.

4. Is2in жүйесі арқылы Биржаға мүшелікке үміткерді қабылдау процедурасын жүзеге асыру кезінде үміткер:

   1) жүйеде сәйкестендіруден өту. Бұрын is2in жүйесін пайдаланбаған үміткер, Биржаға monitoring@kase.kz электрондық мекенжайына кандидаттың байланыстағы тұлғалары үшін is2in жүйесінде есепке алу жазбаларын құру туралы өтініш жіберуі;

   2) үміткер туралы мәліметтерді, сондай-ақ үміткердің белгілі бір санат (санаттар) бойынша мүшелік алу үшін талаптарға (критерийлерге) сәйкестігі туралы ақпаратты толтыруы және (немесе) жаңартуы;

   3) осы Қағидада қарастырылған құжаттарды жүктеуі;

   4) өтінішті толтыруы;

   5) өтінішке және жүктелген құжаттарға кандидаттың бірінші басшысының немесе осындай іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қою және оларды Биржаға жіберуі тиіс.

   Егер өтінішке осындай әрекеттерді жасауға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған болса, онда сенімхат түпнұсқасының *.pdf форматындағы кандидаттың бірінші басшысы қол қойған көшірмесі қосымша жүктеледі.

5. Is2in жүйесін пайдалана отырып, Биржаға мүшелікке үміткерді қабылдау процедурасын жүргізу кезінде үміткер мен Биржаның арасындағы өзара іс-әрекет осы жүйе арқылы жүзеге асырылады.

*(Осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 10 наурызындағы шешімімен енгізілген)*

**7 бап. Үміткердің өтінішін қарау.**
**Үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау мүмкіншілігі туралы тұжырымдама дайындау**

1. Төменде көрсетілген мерзімде уәкілетті бөлімше өтініш пен оған қосып берілген құжаттарды қарап, келесі құжатты дайындайды:

   1) (үміткердік анық сәйкессіздігі немесе осы Қағиданың 6 бабының 1 немесе 2 тармағындағы құжаттардың жиынтығына қойылатын талаптарды орындамаған жағдайда) Биржа өтінішті кіріс хат-хабар ретінде алған күннен кейін бес жұмыс күн аралығында, – өтінішті қараудан, уәкілетті бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі немесе оның орнындағы тұлға қол қойған, уәжделген бас тарту;

   2) (өтінішті қараудан уәжделген бас тарту дайындауға негіздер болмаған жағдайда) өтінішті қарауға қабылдаған күннен кейін 10 жұмыс күн аралығында, – үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау мүмкіншілігі туралы, уәкілетті бөлімшенің жұмысына жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі және осы құрылымдық бөлімшенің жетекшісі немесе олардың орнындағы тұлғалар қол қойған, тұжырымдама;

2. Биржа мүшелігіне қабылдау туралы өтінішті қарағанда, Басқарма үміткерден және басқа ұйымдардан, оның пікірі бойынша, негізделген тұжырымдама дайындауға қажет деп санаған қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

   Сондай-ақ, Биржа кандидаттан құрылу ерекшеліктеріне, ағымдағы қызметіне, ірі акционерлерге (қатысушыларға), түпкілікті бенефициарларға, кандидаттың ағымдағы қаржылық жағдайына, қолда бар шектеулерге және директорлар кеңесінің негізделген шешім қабылдауы үшін қажетті өзге де ақпаратқа қатысты қосымша ақпарат беруді сұратуға құқылы *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

3. Үміткердің Биржа мүшелігіне қабылдау мақсатында Биржаға толық емес, нақтыланбаған, расталмаған немесе актуалды емес ақпараттарды ұсынуы тұжырымдама дайындаудан бас тартуға жеткілікті негіз болып табылады.

**8 бап. Үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау. Биржа мүшелігіне қабылдаудан бас тарту**

1. Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешімді, Басқарманың үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы оң тұжырымы болған жағдайда, Биржалық кеңес қабылдайды. Осы Үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы өтініш пен Басқарманың дайындаған тұжырымдамасы Биржалық кеңестің жуырдағы отырысында, осы тұжырымдама дайын болған күннен кейін, қаралады.

2. Биржа мүшелігіне қабылдау туралы өтінішті қарау барысында, Биржалық кеңестің пікірі бойынша үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы негізделген шешім қабылдауға қажет деп санаған қосымша құжаттарды талап ету туралы және/немесе өтінішті Биржаплық кеңестің келесі отырысында қарау туралы шешім қабылдауға құқылы.

   Биржалық кеңес мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан үміткер туралы қосымша ақпараттар алу қажеттілігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Биржа мүшелігіне қабылдау туралы өтінішті Биржалық кеңеспен қайта қарау, осы баптың 2 тармағына сәйкес, үміткердің, немесе мемлекеттік органның, немесе өзге де ұйымның ұсынатын құжаттардың ең соңғысы берілгеннен кейін, Биржалық кеңестің жуырдағы отырысында қаралады.

4. Биржалық кеңестің үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешімі үміткерге осы шешім қабылданғаннан кейін үш жұмыс күн аралығында, тиісті ескертпе жолдау арқылы, хабарланады.

5. Директорлар кеңесінің үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешімі өз күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күн аралығында, егер ол Биржа мүшесі болып табылмаса, Биржа мүшесін Биржаның ішкі есепке алу және Биржа мүшесін оның ақпараттық жүйелерінде сәйкестендіру мақсатында қолданылатын, үміткерге тіркеу нөмірі беріледі.

6. Үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешімі, үміткер кіру мүшелік жарнасын төлеген күннен кейінгі келесі жұмыс күннен бастап, егер қандай да бір үміткер үшін немесе қандай да бір мүшелік санаты бойынша кіру жарнасын төлеу қарастырылмаса – осындай шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен бастап өз күшіне енеді.

   Үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы Директорлар кеңесінің шешімдері өз күшіне енгеннен кейін үміткерге, Басқарма мүшелерінің бірінің қолы қойылған, Биржаның мөрімен расталған, Биржа мүшелігіне қабылдау туралы куәлік беріледі.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

7. Директорлар кеңесінің үміткерді Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешімі жөнінде ескертпе алғаннан кейін, 10 жұмыс күн аралығында үміткер кіру мүшелік жарнасын төлемеген (толық төлемеген) жағдайда, Биржа мүшелігіне қабылдау туралы шешімінің күші жойылады.

   Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес, Биржа мүшелігіне қабылдау туралы Биржалық кеңестің шешімінің күші жойылған, үміткердің өтінішін қайта қарау осы Қағиданың 6 және 7 баптарында белгіленген тәртіпте және осы баптың 1-5 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Биржа мүшесі болып табылатын ұйымға қосымша мүшелік санат беру, осы Қағиданың 6 және 7 қосымшасында белгіленген тәртіпте және осы баптың 1-5 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жағдайда осы ұйым осы Қағиданың 3 немесе 4 қосымшасында көрсетілген құжаттарды ұсыну уәкілетті бөлімшемен әр жеке жағдайда, осы құжаттың Биржада бар болуына қарай, келісіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

9. Үміткердің осы Қағиданың 1 немесе 2 қосымшаларында белгіленген, талаптарға формалды түрде сәйкестігі, сондай-ақ Биржаға үміткердің Биржа мүшелігінеқабылдау үшін құжаттарды, осы Қағидада белгіленген, нормаларға толық сәйкестікте ұсынуы Биржаға мүшелікке қабылдау туралы шешім қабылдауға міндеттемейді.

## 3 тарау. БИРЖАДА МҮШЕЛІК ЕТУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

### 9 бап. Биржа мүшесін сауда-саттыққа жіберу

1. Биржаға жаңадан мүше болып қабылданған ұйымның оған берілген мүшелік санатына (санаттарына) сәйкес қаржы құралдарының сауда-саттығына жіберу, осы Қағиданың 7 қосымшасындағы нысан бойынша толтырылған, осы Биржа мүшесінің өтініші негізінде (осы баптың 2 және 3 тармағындағы

шарттардан басқа) Басқармамен келесі шарттармен жүзеге асырылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)*:

1) Биржалық кеңестің осы ұйымды Биржа мүшелігіне тиісті санат бойынша қабылдау туралы шешімнің өз күшіне енуі;

2) осы Қағиданың 6 қосымшасында берілген нысан бойынша, осы ұйымның трейдерлерінің тізімін беру;

3) осы ұйымның, қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес, пруденциалды нормативтерін және/немесе мазмұны бойынша ұқсас нормативтердің немесе көрсеткіштердің орындауы, егер осындай нормативтер мен көрсеткіштер қолданыстағы заңнамамен белгіленген болса *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*;

2. "Қор" санаты бойынша Биржа мүшесін репо операцияларын жүзеге асыруына рұқсат ету туралы шешімді, осы Биржа мүшесінің осы Қағиданың 8 қосымшасына сәйкес рәсімделген, өтініші негізінде және Биржаның "Қаржы құралдарымен жасалған мәміле бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес осы ұйымға клирингілік қатысушы мәртебесі берілгеннен кейін, Басқарма қабылдайды.

   Биржа мүшесіне репо операцияларын жүзеге асыруға рұқсат ету туралы шешім қабылдағанда Басқарма осы Биржа мүшесінің Биржада жасасқан мәмілелер бойынша өзінің міндеттемелерін орындамау (тиісті орындамау) деректерінің және басқа да беделін сипаттайтын мәліметтердің бар-жоғын ескеріп, аталмыш Биржа мүшесіне рұқсаттама беруден бас тартуға құқылы.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

3. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын "валюталық" санатындағы Биржа мүшесі Биржаның валюта нарығында айналысқа жіберілген туынды қаржы құралдарымен сауда-саттыққа тек егер ол Уәкілетті органның брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болған жағдайда ғана жіберілуі мүмкін.

   Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңды тұлғасы болып табылатын немесе АХҚО қатысушысы болып табылатын "валюта" санаты бойынша Биржа мүшесі" Биржаның валюта нарығында сауда-саттық жасайтын туынды қаржы құралдарымен сауда-саттыққа оның тіркелген елінің немесе оның юрисдикциясын реттеушінің брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға рұқсаты (лицензиясы немесе құқығы) болған кезде ғана жіберілуі мүмкін *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

   Егер Биржа мүшесінің осы тармақтың бірінші немесе екінші абзацтарында қарастырылған "валюта" санаты бойынша лицензиясы (құқығы немесе рұқсаты) болса, оны Биржаның валюта нарығында айналысқа жіберілген туынды қаржы құралдарының сауда-саттықтарына жіберу Биржа Басқармасының шешімімен валюта нарығындағы сауда-саттыққа жіберумен бір уақытта жүзеге асырылады немесе, осы тармақтың бір немесе екінші абзацында көзделген (көзделген) лицензия (құқық немесе рұқсат) ұсынылғанға қарай, кез келген уақытта жүзеге асырылады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

4. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған)*

**10 бап. Биржа мүшесінің трейдерлері**

1. Биржа мүшесінің қызметкері немесе лауазымды тұлғасы ғана Биржа мүшесінің трейдері бола алады.

2. Биржаның сауда-саттық жүйесінде Биржа мүшесінің атынан кез келген әрекеттер жасауға ("Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес, қандай да бір биржалық нарықта туындаған дефолтты реттеумен байланысты әрекеттерден басқа) тек, Биржаға ұсынылған, осы Биржа мүшесінің трейдерлері тізіміне енгізілген, тұлғалар ғана құқылы.

   Трейдерлердің тізімі осы Қағиданың 6 қосымшасында берілген нысан бойынша әр мүшелік санаты бойынша жеке-жеке құрастырылады. Биржа мүшесінің трейдерлерінің тізімі бірнеше парақтарда құрастырылуы мүмкін. Биржа мүшесінің трейдерлер тізімінің әр парағы (соның ішінде жалғыз парақ) "n-парақтардың X парағы" форматында нөмірленеді, мұнда X – парақтың реттік нөмірі, ал n – парақтардың жалпы саны.

   Трейдерлердің аталмыш тізімінде Биржаға ұсынылған күні және оның қолданыста болу мерзімі көрсетілуі тиіс. Биржа мүшесінің трейдерлері тізімінің қолданыс мерзімі осы тізімді берген күннен бастап үш жылдан аспауы тиіс.

   Биржа мүшесінің трейдерлері тізімі Биржа мүшесінің осы тізімде көрсетілген тұлғалардың осы Биржа мүшесінің трейдері ретінде өкілеттілігін растайтын, сенімхат болып табылады. Осы тізімді Биржаға беру осындай сенімхат беру болып табылады, ал оның жарамдылық мерзімі – оның қолданыста болу мерзімі болып саналады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлра кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*

3. Биржа мүшесі, Биржаға осы Биржа мүшесінің трейдерлерінің қосымша тізімін "Алдында берілгенге қосымша" белгісімен беріп, өз трейдерлерінің санын көбейтуге құқылы.

   Биржа мүшесінің трейдерлерінің арасынан қандай да бір қызметкерлері кеткен жағдайда (кез келген себеппен, соның ішінде жұмыстан кетуі, Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауды қарастырмайтын, басқа қызметке ауысуы) осы Биржа мүшесі Биржаға өз трейдерлерінің жаңартылған тізімін "Алдында берілгеннің орнына" белгісімен ұсынуға міндетті. Биржа мүшесінің Биржаға трейдерлердің жаңартылған тізімін беруі, осы Биржа мүшесінің осының алдында берген, осындай жаңартылған тізімді алған күнге дейін қолданыста болған барлық тізімдерінің қолданысы мерзімнен бұрын тоқтатылып, Биржа мүшесінің осының алдында құрастырылған осы Биржа мүшесінің трейдерлерінің тізхімдеріне сәйкес берілген, сенімхаттардың күші жойылады.

   Биржа мүшесі трейдерлердің тізімінің (тізімдерінің) актуалдылығына және Биржаға өз трейдерлерінің жаңа тізімін (тізімдерін) уақытылы ұсынбау салдарына толық жауапты болады.

4. Биржа өткізетін қаржы құралдарының сауда-саттығына және сауда-саттық алдындағы және сауда-саттықтан кейінгі, трейдерлердің құзыреттілігіне жатқызылған, түрлі процедураларға байланысты трейдердің кез келген әрекеттері мен кез келген әрекетсіздіктері, осы трейдер өкілдейтін, Биржа мүшесінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне теңестіріледі.

5. Биржа мүшесінің трейдері Басқарма мүшелерінің шешімімен сауда-саттықтан мынадай негіздер бойынша Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасау рұқсаттамасынан айырылып, сауда-саттыққа қатысудан шеттетілуі мүмкін:

1) қолданыстағы заңнама талаптарын, Биржаның жарғысын, осы Қағиданың және, Биржа мүшелерінің және олардың трейдерлерінің қызметін реттейтін Биржаның басқа да ішкі құжаттарының талаптарын орындамау;

2) осы трейдердің тәртіп бұзуы немесе қателесуі салдарынан Биржаның қаржы құралдың (қаржы құралдарының) сауда-саттығын уақытша тоқтатуы;

3) уәкілетті органның осы трейдердің ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына жасасқан мәмілесін (мәмілелерін) айла-шарғы жасау мақсатында немесе инсайдерлік ақпаратты қолданумен жасалған мәміле (мәмілелер) деп мойындауы;

4) бірнеше рет (екі және одан асарет қатарынан алты күнтізбелік ай барысында) техникалық қате жіберуі, атап айтқанда Биржаның сауда-саттық жүйесіне қате таңдалған қаржы құралы бойынша өтінім жіберу және/немесе мәміле жасасуға өтінімнің параметрлерін (өтінімнің бағыты, бағасы, саны, сауда-саттық шоты) қате енгізу және мәмілелердің нәтижесіне немесе параметрлеріне негативті ықпал еткен қателерге жол жіберуі;

5) осы трейдерге қатысты Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу комиссиясының өз күшіне енген шешімін орындамауы;

6) осы трейдермен, Биржаның сауда-саттығына қатысу арқылы алған, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес коммерциялық құпия немесе құпия ақпараттар санатына жатқызылған ақпараттарды арнайы рұқсатсыз үшінші жақтарға тарату немесе беруі.

6. Сауда-саттықтарды ұйымдастыруға жетекшілік ететін, Басқарма мүшелерінің Биржа мүшесінің трейдерін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы шешімі Биржа мүшесінің назарына осындай шешім қабылданғаннан кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей жеткізіліп, осы трейдерді сауда-саттыққа қатысудан шеттету немесе осы трейдерді Биржаның сауда-саттық жүйесінде жұмыс жасауға рұқсаттамадан айыру күні мен себебі көрсетіледі.

7. Биржа мүшесінің трейдері, Комиссияның арнайы шешімісіз, Биржаның сауда-саттық жүйесімен жұмыс жасауға рұқсаттамасынан айырылып, қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысудан мынадай жағдайларда шеттетіледі:

1) осы Қағиданың 6 қосымшасында берілген нысан бойынша құрастырылған және Биржаға ұсынылған, осы Биржа мүшесінің треудерлер тізімінде белгіленген өкілеттілік мерзімі аяқталуы;

2) осы Қағиданың 6 қосымшасында берілген нысан бойынша құрастырылған, осы Биржа мүшесінің жаңа трейдерлер тізімін Биржаға ұсынуға байланысты өкілеттілігіні тоқтатылуы;

8. Осы баптың 5 тармағында белгіленген жағдайлармен трейдері сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген, Биржа мүшесі Биржаның пайдасына АЕК 50-еселі көлемінде тұрақсыздық төлемін (айппұл) төлеуі тиіс. Биржа мүшесі тұрақсыздық төлемін төлеуді Биржаның талабы (ескертпесі) бойынша, осы талапта (ескертпеде) белгіленген мерзімдер мен тәртіпте, жүзеге асырады.

9. Биржа мүшесі Комиссияның трейдерді сауда-саттыққа қатысудан шетту туралы шешіміне шағымданып, Басқармаға осындай шешімнің күшін жою туралы өтініш бере алады. Басқарма өзінің жуырдағы отырысында Биржа мүшесінің өтінішін қарап, Биржа мүшесінің трейдерін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы Комиссияның шешімін жоюға немесе күшінде қалдыруға құқылы.

Егер Басқарма шешімімен Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы Комиссияның шешімі өз күшінде қалдырылса, Биржа мүшесі Комиссияның бұл шешіміне Бижалық кеңеске оның шешімін жою туралы өтініш беру арқылы шағымдана алады. Аталмыш өтінішті Биржалық кеңес жуырдағы отырысында қарайды.

Осы тармақтың бірінші және екінші абзацында белгіленгендей, Биржа мүшесінің өтінішін Басқармамен немесе Биржалық кеңеспен қарауы Комиссияның және Биржа Басқармасының тиісті шешімдерінің қолданысын тоқтатпайды.

10. Осы баптың 5 тармағына сәйкес, сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген, Биржа мүшесінің трейдері қайта сауда-саттыққа қатысуға, сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге және тәуекелдерді басқаруға жетекшілік ететін, Басқарма мүшелерінің шешімімен, осы трейдер соның қызметкері болып табылатын Биржа мүшесі осы баптың 8 тармағына сәйкес тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) төлегеннен кейін үшінші жұмыс күнде қайта жіберіледі.

## 11 бап. Биржа мүшесінің сауда-саттыққа қатысуы

1. Биржа мүшесі, Биржалық сауда-саттықта жасасқан мәмілелері бойынша, осы мәміле кімнің тапсырмасы бойынша, кімнің есебінен және кімнің мүддесі үшін жасалған болса да, міндетті және жауапты болады.
2. Егер Биржа мүшесі Биржалық сауда-саттыққа үшінші тараптың тапсырмасы және/немесе есебінен және/немесе мүддесі үшін қатысатын болса, осы Биржа мүшесі мен осы тұлға арасында жасалған комиссия туралы келісім-шарты негізінде ғана әрекет ете алады.

   Биржа мүшесі Биржалық сауда-саттыққа қатысқанда, Биржа және оның басқа да мүшелері кез келген жағдайда, осы Биржа мүшесінің үшінші жақтың тапсырмасы және/немесе есебінен және/немесе мүддесі үшін берілген тапсырыстарын, және үшінші жақтың тапсырмасы және/немесе есебінен және/немесе мүддесі үшін жасасқан мәмілелерді осы Биржа мүшесі мен осы тұлға арасында жасалған комиссия туралы тиісті келісім-шарты негізінде берілген (жасалған) деп қарайды.
3. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған)*.

## 12 бап. Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттету. Биржадағы мүшелікті уақытша тоқтату

1. Биржа мүшесі Биржа Басқармасының шешімі бойынша Биржалық барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысудан мынадай негіздер бойынша уақытша шеттетілуі мүмкін:
   1) осы Биржа мүшесіне бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметін жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензиясының, немесе осы Биржа мүшесіне Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметін жүзеге асыруға құқық беретін өзге де құжаттың қолданысының уақытша немесе біржола тоқтатылуы (осы баптың 2 тармағының бірінші абзацында белгіленді қоспағанда, және осы баптың 3 тармағындағы ерекшеліктерді ескере отырып);
   2) ұлттық және шетел валюталарында банктік операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензиясының немесе осы Биржа мүшесіне мәмілелер жасасуға (шетел валюталарын айырбастау бойынша мәмілелерді жүзеге асыруға) құқық беретін басқа да құжаттың қолданысының уақытша немесе біржола тоқтатылуы – тек

"валюталық" санатына жатқызылған қаржы құралдары бойынша (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен) *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*;

3) қолданыстағы заңнаманың, осы Қағиданың, Биржа мүшелерінің қызметін реттейтін, Биржаның басқа да ішкі құжаттарының талаптарын бірнеше мәрте орындамау;

4) Биржа мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қаиғдада немесе Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген, ақпараттарды ашу бойынша талаптарды жүйелі түрде (бір күнтізбелік жыл барысында кемінде алты және одан аса рет) орындамауы, Биржаға расталмаған, толымсыз, нақтыланбаған ақпараттарды Биржаға ұсынуы;

5) мүшелік жарналарды және биржалық алымдарды бірнеше рет төлемеу (уақтылы төлемеу немесе толық төлемеу);

6) биржалық сауда-саттықта жасасқан мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті орындамау және/немесе биржалық сауда-саттықта жасасқан мәмілелер бойынша орындамаған және/немесе тиісті орындамаған міндеттемелері үшін Биржаның ішкі құжаттарымен есептелінген тұрақсыздық төлемдерін толық көлемде төлемеу;

6-1) Биржаның Биржа мүшесінің биржалық сауда-саттықта жасалатын мәмілелер бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамау тәуекелі туралы куәландыратын ақпарат алуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 24 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*;

6-2) Биржа мүшесін және/немесе оның қатысушыларын/акционерлерін/ лауазымды тұлғаларын, сондай-ақ түпкілікті бенефициарларды санкциялық тізімдерге қосу *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен енгізілген)*;

6-3) Биржаның Биржа мүшесінен және/немесе ашық көздерден Биржаның және/немесе Биржа мүшесінің мерзімді есеп берушілікті және Биржа мүшесінің осы Қағидаға сәйкес берілген ағымдағы қызметі туралы құжаттарын (ақпаратын) жария таратуына тыйым салу және/немесе шектеу туралы куәландыратын ақпаратты алуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен енгізілген)*;

6-4) Биржа мүшесінің осы Қағидаға 1 немесе 2 немесе 2-1-қосымшада белгіленген талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеуі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен енгізілген)*;

7) осы Биржа мүшесіне қатысты Комиссияның өз күшіне енген шешімін орындамау;

8) осы трейдермен, Биржаның сауда-саттығына қатысу арқылы алған, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпараттар санатына жатқызылған (коммерциялық немесе банктік құпия) ақпараттарды арнайы рұқсатсыз үшінші жақтарға тарату немесе беру;

9) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленгендей, Биржа мүшесінің қаржылық жағдайына қойылатын талаптарға сай болмауды орындамау;

10) Биржа мүшесінің барлық трейдерлерінің белгілі бір қаржылық құралдарының сауда-саттығына қатысудан шеттетілуі;

11) қаржы құралдарының жеке түрлері немесе топтары үшін Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген, негіздер бойынша.

2. Осы баптың 1 тармағының 1) немесе 2) тармақшасында белгіленген негіз бойынша "қор" санаты және/немесе "деривативтер" санаты бойынша Биржа мүшесін осы санаттарға сәйкес қаржы құралдарының сауда-саттығынан, осы Биржа мүшесіне уәкілетті органмен берілген тиісті лицензиясының (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгенді қоспағанда) қолданысы уақытша немесе біржола тоқтату туралы ескертпе хатын Биржа алған күннен бастап шеттетеді, содан кейін, Биржа уәкілетті органның осы Биржа мүшесінің назарына лицензиясының қолданысын уақытша (біржола) тоқтату туралы шешімін жеткізу туралы ескертпе алғаннан соң, осы мүшенің Биржадағы мүшелігі тоқтатылады.

Биржа мүшесін, осы баптың 1 тармағының 1) немесе 2) тармақшасында белгіленген негіздер бойынша шеттетілгенде, осы Биржа мүшесі осының алдында жасасқан мәмілелері бойынша және/немесе осының алдында пайда болған өз міндеттемелерін орындау мақсатында ғана сауда-саттықтарға әрі қарай қатыса алады.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

3. Осы баптың 1 тармағының 3)-11) тармақшаларында белгіленген негіздер бойынша Биржа дербес түрде, Қазақстан Республикасының заңнамасының және өзінің ішкі құжаттарының нормаларын ескере отырып, Биржа мүшесіне берілген мүшелік санатына (сатанаттарына) сәйкес келетін қаржы құралдарының сауда-саттығынан осы Биржа мүшесінің шеттетіле бастайтын күнін белгілейді.

Осы баптың 1тармағының 3)-11) тармақшаларында белгіленген негіздердің кез келгені бойынша қаржы құралдарының сауда-саттығынан шеттетілген Биржа мүшесі, аталған сауда-саттықтарға осының алдында жасасқан мәмілелері бойынша және/немесе осының алдында пайда болған өз міндеттемелерін орындау мақсатында ғана сауда-саттықтарға әрі қарай қатыса береді.

Осы баптың 1 тармағының 3)-11)тармақшаларында белгіленген негіздердің бірі бойынша Биржа мүшесін оған берілген санатқа (санаттарға) сәйкес келетін барлық қаржы құралдарының сауда-саттығынан шеттетілуі осы Биржа мүшесінің Биржадағы мүшелігі тоқтатылғанын білдіреді.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

3-1 Биржа мүшесін осы баптың 1 тармағының 6) және 6-1) тармақшаларында белгіленгендер арасындағы негіз бойынша:

1) Биржаның осы мүшесі мәмілелер жасасуға құқылы барлық сауда-клирингілік шоттарды пайдалана отырып, немесе

2) Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Биржаның осы мүшесі сауда-саттыққа уәкілетті қатысушы болып тағайындалған сауда-клирингілік шоттарды қоспағанда, осы Биржа мүшесі мәмілелер жасасуға құқығы бар сауда-клирингілік шоттарды пайдалана отырып сауда-саттыққа қатысудан шеттетеді.

*(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 24 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*

4. Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы Басқарманың шешіміне осы Биржа мүшесі Директорлар кеңесіне шағымдана алады.

Басқарманың Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы шешіміне Биржалық кеңеске шағымдану осындай шешімнің қолданысын тоқтатпайды.

5. Сауда-саттыққа қатысудан шеттетілген Биржа мүшесі, осындай шеттетуге себеп болған деректерді жойғаннан кейні Басқарма шешімімен сауда-саттыққа қатысуға қайта рұқсаттама алады. Бұл ретте уақытша тоқтатылған Биржадағы мүшелігі автоматты түрде қалпына келтіріледі.

## 13 бап. Биржадағы мүшелікті біржола тоқтату

1. Биржадағы бір немесе бірнеше санат бойынша мүшелік мынадай жағдайларда тоқтатылады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*:

   1) белгілі бір санат (санаттар) бойынша Биржа мүшелер қатарынан өз еркімен шығу немесе мүшеліктен бас тарту;

   2) Биржа мүшесінің заңды тұлға ретінде жойылуы немесе қайта ұйымдастырылуы, бұл ретте оның құқық иеленушісінің (құқық иеленушілерінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға және, ұйымдастырылған нарықта бағалы қағаздар мен қаржы құралдардан басқасымен, мәміле жасасуға құқығы жоқ болса;

   3) "қор" және/немесе "деривативтер" санаты бойынша Биржа мүшелері үшін – бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензияның немесе, Биржа мүшесіне бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, өзге құжаттың қолданысының тоқтатылуы;

   4) "валюталық" санат бойынша Биржа мүшелері үшін – ұлттық және шетел валютасындағы банктік операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензияның немесе, Биржа мүшесіне бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, өзге құжаттың қолданысының тоқтатылуы;

   5) Биржа мүшесінің және олардың трейдерлерінің қызметін реттейтін, Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Қағиданың және Биржаның басқа да ішкі құжаттарының нормаларын бұзуға байланысты, Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысудан бірнеше рет (бір күнтізбелік жылда екі және одан аса рет) шеттетілуі *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*;

   6) Биржаның Биржа мүшесінен және/немесе ашық көздерден, осы Биржа мүшесін сауда-саттыққа қатысудан шеттетуге әкеп соққан негіздерді бұл Биржа мүшесімен жоюы мүмкін еместігін куәландыратын, ақпарат алуы *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен алып тасталған және Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен енгізілген)*;

   6-1) Биржа мүшесінің осы Қағидаға 1 немесе 2 немесе 2-1-қосымшада белгіленген талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеуі және Биржа осы сәйкессіздік пайда болған күннен бастап келесі алты күнтізбелік ай ішінде талапқа мұндай сәйкессіздікті жою мүмкін еместігін куәландыратын ақпаратты алған жағдайда *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен енгізілген)*;

7) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген міндеттерін орындамағаны немесе тиісті орындамауы, егер осындай фактілер Биржаға немесе басқа Биржа мүшелеріне елеулі негативті ықпалы болса *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

1-1. Биржадағы кез келген ұйымның бір немесе бірнеше санаттағы мүшелігі Директорлар кеңесінің шешімі негізінде, осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескерумен, тоқтатылады.

Осы баптың 1-тармағының 1)-4) тармақшаларында белгіленген негіздер бойынша кез-келген ұйымның бір немесе бірнеше санаттағы мүшелігін тоқтату туралы шешімді Биржа Басқармасы, осы ұйымның Биржада жасалған мәмілелер бойынша және Биржаның алдында басқа міндеттемелер бойынша орындалмаған міндеттемелер болмау шартымен, қабылдай алады.

*(Осы тармақ Биржаның Диреторлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*

2. Директорлар кеңесінің ұйымды Биржа мүшелері қатарынан шығару бойынша шешімі туралы ескертпе, осындай шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей жолданады. Бұл ретте, осының алдында бұл ұйым Биржа өткізген сауда-саттықтарда жасасқан мәмілелері бойынша оның міндеттері мен құқықтары сақталады *(осы тармақ Биржаның Диреторлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

3. Егер Директорлар кеңесімен немесе Басқармамен өзгесі белгіленбесе, Биржадағы мүшелік Директорлар кеңесі немесе Басқарма тиісті шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен бастап тоқтатылады *(осы тармақ Биржаның Диреторлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.

4. Биржа мүшелері қатарынан шығару туралы Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың шешіміне Биржаның Даулар мен келіспеушіліктерді шешу жөніндегі комиссияға шағымдануға болады *(осы тармақ Биржаның Диреторлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

## 4 тарау. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

### 14 бап. Биржа мүшесінің құқықтары

Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген шарттар мен тәртіпте, Биржа мүшесі:

1) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдарының сауда-саттықтарына, оған берілген санатқа (санаттарға) сәйкес қатысуға рұқсаттама алуға;

2) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Биржа өткізетін сауда-саттықтарға қатысуға;

3) Биржаның ішкі құжаттарында анықталған, Биржаның ақпараттарды, құжаттарды және мәліметтерді кепілді жеткізудің тасымалдау жүйесіне кіруге рұқсаттама алуға;

4) Биржа өткізетін сауда-саттықтарға қатысуға қажетті және жеткілікті ақпараттарды Биржадан алып тұруға;

5) Биржаның қандай да бір нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесін алуға;

6) қандай да бір атаудағы қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесін алуға;

7) Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, оның мүшелеріне арналған жеңілдіктер, ынталандырудың және уәждеудің басқа да формаларын пайдалануға;

8) барлық немесе кейбір санаттар бойынша Биржадағы өз мүшелігін ерікті тоқтату (бір тарапты тәртіпте) туралы шешім қабылдауға;

9) Биржаның органдарының қарауына Биржаның қызметіне қатысты сұрақтар бойынша ұсыныстар жасауға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған өз құқықтарын іске асыруға құқылы.

**15 бап. Биржа мүшесінің міндеттері**

1. Биржа мүшесі:

   1) Биржа мүшелерінің және олардың трейдерлерінің қызметін реттейтін, Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Қағиданың және басқа да Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын орындауға;

   2) берілген мүшелік санатына (санаттарына) сәйкес, Биржамен белгіленген құрамда, көлемде және мерзімде мүшелік жарналар мен биржалық алымдарды және басқа да төлемдерді төлеуге;

   3) Биржаның басқа мүшелерінің, қаржы құралдарыны эмитенттерінің және инвесторлардың (Биржа мүшесінің клиенттерінің) мүддесін шектемей, Биржа сауда-саттығында әділеттілік және тең құқықтық ұстанымдар негізінде ғана мәмілелер жасасуға;

   4) Биржада қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерден туындайтын міндеттемелерін уақтылы, толығымен және ең үйлесімді амалмен орындау, сонымен қатар, қолданыстағы заңнама талаптарын, Биржа жарғысын, Биржа мүшесінің және олардың трейдерлерінің қызметін реттейтін осы Қағиданың және басқа да Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына негізделген басқа да міндеттемелерін орындауға;

   5) осы Биржа мүшесінің Биржаның сауда-саттығына қатысу арқылы алған, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес коммерциялық құпия немесе құпия ақпараттар санатына жатқызылған ақпараттарды арнайы рұқсатсыз үшінші жақтарға таратуға немесе беруге;

   6) осы Қағидамен және Биржаның басқа а ішкі құжаттарымен белгіленген, ақпараттарды ашу бойынша талаптарды уақытылы және толық көлемде орындауға;

   7) Биржаның органдарымен қабылданған шешімдерді мойындап, орындауға;

   8) тізімдегі өз трейдерлерінің құрамындағы кез келген өзгертулер туралы мәліметтер беріп, осындай мәліметтерді бермегені немесе уақтылы бермегені үшін толық жауапты болуға міндетті.

2. Биржа мүшесінің берген өтінімдерінің (жарияланған баға белгілеулерінің), жасалған мәмілелерінің қадағалауын жүзеге асыру және қызметі мен қаржылық жағдайына мониторинг жасау үшін қажетті Биржаның сауалы бойынша құжаттарды (ақпараттарды), сондай-ақ мүддесіне осы Биржа мүшесі Биржаның сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасаған клиентінің құжаттарын (ақпараттарын) уақытылы беруіне себептесуге міндетті.

Бұл ретте, Биржа мүшесі мен оның клиенті арасында жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы келісім-шартында осы Биржа мүшесінің Биржаға осындай құжаттарды (ақпаратарды) ұсынуға құқығы қарастырылуы тиіс.

**16 бап. Биржаның өз мүшелері алдындағы міндеттері**

Биржа өз мүшелерінің алдында келесідей міндеттері бар:

1) Биржа мүшесіне берілген санатқа (санаттарға) сәйкес, Биржада айналысқа жіберілген қаржы құралдарының сауда-саттықтарына қатысуға рұқсаттама беру;

2) қаржы құралдарының тұрақты сауда-саттықтарына қажетті жағдайлар жасау;

3) is2in жүйесіне және ақпараттарды кепілді жеткізудің тасымалдау жүйесіне рұқсаттама беріп, осы жүйелер арқылы Биржаның ішкі құжаттарында анықталған құжаттар мен мәліметтерді беру;

4) Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте қаржы құралдар сауда-саттықтарының нәтижелерін өз интернет-сайтында тұрақты жариялау;

5) Биржа мүшелерінің назарына Биржаның ішкі құжаттарының мәтіндерін және/немесе олардың бекітулі немесе өзгертілуі туралы хабарламаларды Биржаның интернет-сайтында жариялау арқылы жеткізіп отыру;

6) Биржа мүшесінен осы Қағидаға сәйкес Биржаға беруі тиіс құжаттарды (ақпараттарды) алған сайын, осы құжаттарды (ақпараттарды) өз интернет-сайтында, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген шарттармен және тәртіпте орналастыру немесе жариялау;

7) осы Қағиданың 3, 4, 4-1, 9 және 10 қосымшаларына сәйкес Биржа алатын ақпаратты қоспағанда, Биржа мүшелерінен алынған және құпия (коммерциялық немесе банктік құпия) санатына жатқызылған ақпаратты таратпауға және үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

**17 бап. Мүшелік туралы келісім-шарт**

1. Мүшелік туралы келісім-шарт (осы Қағидаға 12 қосымша) қосылу келісім-шарты болып табылып, келесіні анықтайды:

   1) Биржа мен оның мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты реттейтін, нормалар;

   2) Биржа мен оның мүшелеріне ортақ шарттар мен жауапкершілік.

2. Үміткердің Биржаға осы Қағиданың 5 қосымшасындағы нысан бойынша өтініш беруі Мүшелік туралы келісім-шартына қосылуға өтініш беру болып табылады (осы Қағиданың 12 қосымшасы) және осы келісім-шартты жасасуға келісім болып табылады.

3. Ұйымды кез келген санат бойынша Биржа мүшелігіне қабылдаған күннен бастап Мүшелік туралы келісім-шарт жасалды деп саналады.

   Ұйым барлық санаттар бойынша Биржадағы мүшелігінен айырылған күннен бастап келісім-шарт бұзылды деп саналады.

**18 бап. Мүшелік жарналар мен биржалық алымдар**

1. Биржа мүшелері, оларға берілген мүшелік санаттарына сәйкес, Директорлар кеңесінің шешіміміен бекітілген, Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген құрамда, көлемде және мерзімде кіру және ай сайынғы мүшелік жарналары мен биржалық алымдарын төлейді.

   Мүшеліктің әр санаты бойынша ай сайынғы мүшелік жарналар, Биржа мүшесінің санатына тиесілі қаржы құралдардың сауда-саттығына жіберілген айдан бастап есептеледі.

2. Биржа мүшесінің қаржы құралдарының сауда-саттығынан шеттетілген жағдайда осы Биржа мүшесі, сауда-саттықтан шеттетілген айдан кейінгі келесі айда, осы санат (санаттар) бойынша (осы мүшелік санатына қатысты, барлық қаржы құралдарының сауда-саттықтарынан шеттетілу шартымен) белгіленген мүшелік жарнаны төлеуден босатылады.

3. Биржадағы мүшелік тоқтатылғанда, алдында төленген мүшелік жарналар мен биржалық алымдар қайтарылмайды.

4. Биржадағы мүшелікті тоқтату, бұрын Биржа мүшесі болған ұйымды, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Биржада мүшелік ету кезінде пайда болған, мүшелік жарналарды, биржалық алымдарды, айыппұлдарды және тұрақсыздық төлемдерді төлеуден босатпайды.

5. Биржа мүшесінің ай сайынғы мүшелік жарналар мен биржалық алымдарды төлеу бойынша берешегі Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзара есепке алу арқылы өтелуі мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*.

## 5 тарау. АҚПАРАТТАР АШУ

**19 бап. Осы тараудың қолданыс аясын шектеу**

Осы тараудың қолданысы Қазақстан Республикасының ақша-кнесиелік саясатын жүзеге асыратын, мемлекеттік орган ретінде, Ұлттық Банкіне және, халықаралық құқық субъектілері болып табылатын, халықаралық қаржы ұйымдарына тарамайды *(осы бап Биржаның Диреторлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

**20 бап. Ақпараттар ашудың шарттары**

1. Осы Қағиданың мақсаттары үшін:

   1) мерзімдік есеп берушілік деп, ұсыну мерзімдері белгілі бір мерзімділікпен қайталану қарастырылған, құжаттарды (есептерді) түсіну керек;

   2) под документами (информацией) о текущей деятельности понимаются документы (информация), предоставляемые (предоставляемая) Бирже по мере наступления каких-либо событий без определенной периодичности.

2. Биржа алдында ақпаратты ашу шеңберінде оның мүшелері (АХҚО қатысушылары болып табылатын шетелдік мүшелер мен мүшелерді қоспағанда) өзге де ықтимал ақпараттан (құжаттардан) басқа, Биржаға осы Қағиданың 9 қосымшасына сәйкес осы қосымшада белгіленген мерзімдерде және форматтарда құжаттар мен ақпаратты беруге міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

3. Биржа алдында ақпаратты ашу шеңберінде оның шетелдік мүшелері мен АХҚО қатысушылары болып табылатын мүшелері өзге де ықтимал ақпараттан (құжаттардан) басқа, Биржаға осы Қағиданың 10 қосымшасына сәйкес құжаттар мен ақпаратты осы қосымшада белгіленген мерзімдерде және форматтарда беруге міндетті *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

4. Осы бапқа және осы Ереженің 9 немесе 10 қосымшаға сәйкес ашылуға жататын құжаттарды (ақпаратты) Биржаға оның мүшесі is2in жүйесі арқылы, кілттерін "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы құрған, осы қосымшаларда белгіленген форматтарда (осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында және осы баптың 5 тармағында белгіленгендерді қоспағанда) электрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған, электрондық құжаттар түрінде ұсынады *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

   Осы Қағиданың 9 қосымшасында белгіленген, корпоративтік уақиғалар бойынша ақпараттар Биржаға уәкілетті органмен акционерлік қоғамдар үшін қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпараттарды орналастыру мақсатында белгілеген, нысан бойынша ұсынылуы тиіс.

   Биржа клиентінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға), және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекетті ұйымдастыру сұрақтары бойынша жаңартылған сауалнамасы түпнұсқа түрінде ұсынылады. Сауалнамада көрсетілген мәліметтерді растайтын, құжаттар Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстауға), және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекетті ұйымдастыру туралы заңнамасында немесе Биржаның қолданымды ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес ұсынылуы тиіс.

5. Егер ақпарат is2in жүйесі арқылы ұсыну мүмкін болмаса, Биржа мүшесі:
   1) Биржаға осындай жағдайдың себептерін атап, жазбаша түрде ескерту;
   2) осы бапта белгіленген мерзімде, Биржаға осы ақпаратты басқа да амалдармен (электронды пошта арқылы, қағаздағы тасымалдағышта) ұсынуға міндетті.

6. Биржаға осының алдында ұсынылған құжаттарды (ақпаратты) ауыстыру қажеттілігі болған жағдайда, Биржа мүшесі Биржаға ауыстыру үшін ұсынылатын жаңа құжатқа (жаңа ақпаратқа) осындай ауыстырудың себептері көрсетілген, ескертпен қосып беруі тиіс.

6-1. Биржаға бұрын берілген құжатты осы Қағидаға сәйкес ақпаратты ашу шеңберінде кері қайтарып алу қажет болған жағдайда Биржа мүшесі кері қайтарып алуға әкеп соққан себептерді көрсете отырып, осындай кері қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама беруі тиіс *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 карашасындағы шешімімен енгізілген)*.

7. Егер Биржа осы бапқа сәйкес Биржа мүшесі жолдаған мерзімдік есеп берушілікте және/немесе ақпаратта және/немесе құжаттарда жаңылыс жазуларды, қателерді, дәлсіздіктерді немесе басқа да осы Қағиданың талаптарына сәйкессіздіктер тапқан жағдайда, Биржа электрондық пошта немесе is2in арқылы Биржа мүшесіне ескертпе жолдайды.

   Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес Биржаның ескертпесін алған, Биржа мүшесінің тиісті түрде түзетілген мерзімдік есеп берушілікті және/немесе ақпаратты және/немесе құжаттарды (осы тармақтың үшінші абзацында

белгіленген ерекшеліктерді ескерумен) ұсынуға құқығы бар мерзімін Биржа шектемейді.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес Биржаның ескертпесін алған, Биржа мүшесі тиісті түрде түзетілген мерзімділік есеп берушілікті және/немесе ақпаратты және/немесе құжаттарды аталмыш ескертпені алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында ұсынған жағдайда, Биржа осындай ұсынуды осы Қағиданың 9 немесе 10 қосымшасында белгіленген мерзімді бұзушылық деп қарастырмайды.

8. Биржа мүшесі осы баптың және Қағиданың 9 немесе 10 қосымшаларының талаптарына сәйкес ашылуы тиіс ақпараттарды, осы қосымшаларда белгіленген мерзімде уақытылы ұсыну мүмкін болмаған (соның ішінде болжамды) әрбір жағдайы туралы, осындай жағдайлардың себептері туралы Биржаға жазбаша түрде ескертуге міндетті.

   Биржа мүшесі Биржаға ұсынуы тиіс ақпаратты белгіленген мерзімде ұсыну Биржа мүшесіне тәуелді емес жағдайларға байланысты мүмкін еместігін растайтын құжаттар ұсынса, Басқарма шешімімен осы Қағиданың 21 бабында белгіленген айыппұл ықпалшараларын қолданусыз, Биржа мүшесіне ақпаратты ұсыну мерзімі ұзартылуы мүмкін.

9. Биржа мүшесі ақпаратты ашу жөніндегі міндеті шеңберінде ұсынған құжаттарды қарау кезінде Биржа өз мүшесінен мынадай қосымша ақпаратты сұратуға құқылы:

   1) Биржа мүшесі және оның қызметі туралы;

   2) Биржа мүшесінің өкілі туралы (Биржа мүшесінің Биржаға мүшелік мәселелері бойынша Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берген жеке немесе заңды тұлға);

   3) Биржа мүшесінің бенефициарлық меншік иелері туралы ("бенефициарлық меншік иесі" ұғымы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1 бабының 3) тармақшасында айқындалғандай);

   4) Биржа мүшесіне, оның лауазымды адамдарына, қызметкерлеріне, бенефициарлық меншік иелері мен клиенттеріне қатысты қолданылған санкциялық шектеулер туралы, сондай-ақ санкциялық шектеулерге байланысты Биржа мүшесі қабылдаған ішкі бақылау шаралары туралы мәліметтер.

   *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

10. Биржа мүшесін барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысудан шеттету және/немесе оның мүшелігін уақытша тоқтату, осы Биржа мүшесін осы баптың және Қағиданың 9 немесе 10 қосымшаларының талаптарына сәйкес ақпараттарды ашудан босатпайды.

11. Өз мүшесінен осы Қағидаға сәйкес алған ақпаратты Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген құрамда, шарттармен және тәртіпте Биржамен таратылады.

### 21 бап. Ақпараттарды ашу бойынша талаптарды бұзғаны үшін ықпалшаралар

1. Осы Қағиданың 20 бабының және осы Қағиданың 9 немесе 10 қосымшаның талаптарына сәйкес ашылуға жататын ақпаратты жасырғаны үшін және/немесе бұл ақпаратты уақтылы жария етпегені үшін Биржа мүшелеріне, оның ішінде АХҚО қатысушылары болып табылатын шетелдік мүшелер мен мүшелерге санкциялар, оның ішінде біржолғы ақшалай қаражат түрінде осы

Қағиданың 12 бабында және/немесе осы Қағиданың 11 қосымшасында қарастырылған айыппұлдар (тұрақсыздық айыбын көрсету), қолданылуы мүмкін *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

2. Осы баптың және осы Қағиданың 11 қосымшасының мақсаттары үшін:

   1) Биржа мүшесінің, осы Қағиданың 20 бабына және/немесе осы Қағиданың 9 немесе 10 қосымшасының талаптарына сәйкес ашылуға жататын, ақпаратты уақытылы ұсынбаған әр уақиғасы ақпараттар ашу бойынша жеке тәртіп бұзушылық (бұдан әрі – тәртіп бұзушылық) деп мойындалады (осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленгеннен басқа);

   2) осы Қағиданың 20 бабы 7 тармағының үшінші абзацына сәйкес түзетілген мерзімдік есеп берушілікті және/немесе ақпаратты және/немесе құжаттарды ұсыну ереже бұзушылық деп саналмайды, егер осы мерзімдік есеп берушілік және/немесе ақпарат және/немесе құжаттар Биржаға аталмыш абзацта белгіленген мерзімде берілсе;

   3) Биржаға ақпаратты ұсыну мерзімдерін бақылау мақсатында, сондай-ақ, осы Қағиданың 20 бабы 7 тармағында қарастырылған жағдайларда, Биржаның интернет-сайтында жариялау мақсатында осы Қағиданың 20 бабы 7 тармағының үшінші абзацына сәйкес, осы абзацта көрсетілген мерзіде Биржаға түзетілген мерзімдік есеп берушілікті және/немесе ақпаратты және/немесе құжаттарды бірінші ұсынған күні ескеріледі.

   4) осы Қағиданың 20 бабы 7 тармағының үшінші абзацында белгіленген, түзетілген мерзімділік есеп берушілікті Биржаға ұсыну мерзімін бұзу, әр 20 күнтізбелік күн сайын кезекті ереже бұзушылық деп саналады;

   5) тәртіп бұзушылығының ескіру мерзімі, Биржаға осындай тәртіп бұзушылық туралы мәлім болған күннен бастап, бір күнтізбелік жыл болып саналады.

   6) мерзімдік есеп берушілік деп осы Қағиданың 20 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Клирингілік қатысушылар туралы қағидаға сәйкес белгілі бір уақытта қайталанатын ұсыну мерзімділігі қарастырылған құжаттар (есеп берушіліктер) тұспалданады *(осы тармақша Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілгенданный подпункт включен решением Совета директоров Биржи от 30 сентября 2020 года).*

3. Әрбір тәртіп бұзушылыққа ықпалшара осы Қағиданың 11 қосымшасына сәйкес қолданылады, бұл ретте:

   1) ескерту деп Биржа мүшесінің жіберген тәртіп бұзушылығы туралы жазбаша ескертуді түсіну керек;

   2) ықпалшаралардың мөлшері Биржа мүшесінің жіберген тәртіп бұзушылықтарының бар-жоғы, саны және сипатына байланысты болады;

   3) ықпалшараны қолдану, Биржа мүшесін осы ықпалшараны қолдануға себеп болған тәртіп бұзушылығын жою міндеттілігінен босатпайды;

   4) Биржа мүшесінің жіберген тәртіп бұзушылығын Биржа анықтағаннан кейін 30 күнтізбелік күн аралығында осы тәртіп бұзушылық жойылмаса, кезекті тәртіп бұзушылық болып саналады;

   5) рұқсаттама бастамашысының жіберген тәртіп бұзушылықтарын есептеу кезеңі бір күнтізбелік жыл болып саналады; Биржа мүшесінің аяқталған ыжылы жойылған тәртіп бұзушылықтары жаңа күнтізбелік жылға ауыстырылмайды.

4 Тәртіп бұзушылыққа қатысты қолданылған ықпалшаралар, ескерту түріндегі ықпалшараларын қоспағанда, тек Басқарма шешімімен қолданылады.

5. Листингілік компания және/немесе Биржаның клирингілік қатысушысы болып табылатын, Биржа мүшесінің бір тәртіп бұзушылығы үшін біржолғы ақшалай айыппұл түрінде (тұрақсыздық төлемі) ықпалшарасы тек бір рет қана қолданылуы мүмкін.

   Биржа мүшесі ретінде ұйымған салынған біржолғы ақшалай айыппұл (тұрақсыздық төлемі) түріндегі ықпалшара, осы ұйымға листингілік компания немесе Биржаның клирингілік қатысушысы ретінде ұқсас ықпалшара қолданылмаса ғана салынуы мүмкін.

   Биржаның мүшесі немесе листингілік компаниясы ретінде ұқсас ықпалшара қолданылмаса ғана, Биржаның клирингілік қатысушысы ретінде ұйымға салынған біржолғы ақшалай айыппұл (тұрақсыздық төлемі) түріндегі ықпалшара қолданылуы мүмкін.

6. Биржа Уәкілетті органға Биржа мүшесінің жіберген ереже бұзушылықтары туралы ақпаратты жолдайды.

7. Егер Биржа мүшесі бір күнтізбелік жыл барысында алты және одан астам ереже бұзушылықтар жіберсе, осы Биржа мүшесі Басқарма шешімміен барлық немесе кейбір қаржы құралдарының сауда-саттықтарынан уақытша шеттетілуі мүмкін.

## 5 тарау. БИРЖА МҮШЕЛЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ

### 22 бап. Биржа мүшелеріне мониторинг жүргізу жүйесі

1. Биржа бір уақытта клирингілік ұйым әрі орталық контагент функциясын атқаратын ұйым бола тұрып, Биржа мүшелерінің, соның ішінде клирингілік қатысушылардың мониторингін жүзеге асырады. Бұл ретте мониторингтің бірыңғай жүйесі қолданылып, оның ішіне ұйымдардың Биржа мүшесі ретінде және клирингілік қатысушы ретінде мониторингі жүргізіледі (бұдан әрі – Биржа мүшесінің мониторингі).

2. Биржа мүшелерінің мониторингіне кіреді:

   1) Биржа мүшелерінің ақпараттар ашуына мониторинг;

   2) Биржа мүшелерінің, Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген, талаптарды орындауына мониторинг;

   3) Биржа мүшесінің қаржылық жағдайына мониторинг.

3. Мониторингті жүзеге асыру үшін Биржа өз мүшелеріне олардың өз қызметі туралы, сондай-ақ мерзімділік есеп берушілік бойынша ақпараттарды ашу бойынша талаптар қояды. Осы талаптар осы Қағидада және Биржаның клирингілік ұйым және орталық контрагент ретінде қызметін реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленеді.

4. Биржа мүшелерінің Биржаның уәкілетті құрылымдық бөлімшесімен мониторингті жүзеге асыру тәртібі, Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің мониторинг жүргізу барысында өзара әрекеттесу шарттары және мониторинг нәтижесі туралы есептерді дайындау мерзімдері, сондай-ақ оларды қарау тәртібі, Басқармамен бекітілетін, Биржаның ішкі құжаттарында анықталады.

5. Биржа мүшелерінің мониторингінің нәтижелері бойынша оларға қатысты ықпалшаралар қолданылуы мүмкін, оларды қолдану шарттары Биржаның клирингілік ұйым және орталық контрагент ретінде қызметін реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленеді.

**23 бап. Биржа мүшесінің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу**

1. Биржа өз мүшелерінің қаржылық жағдайына, Басқармамен бекітілген, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, тәртіпте және шарттармен, Биржа мүшелерінің ұсынған ақпараттары негізінде, осы құжаттар мен ақпараттардың Биржаға келіп түсуіне қарай, мониторинг жүргізеді.
2. Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайына жасалатын мониторингке кіреді:
   1) Биржа мүшелерінің қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес пруденциалдық нормативтерді және/немесе оларға ұқсас нормативтердің немесе көрсеткіштерді орындауын тексереді;
   2) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын, Биржа мүшелері үшін – Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның шетелдік мүшесі үшін – осы Қағидасында белгіленген жарғылық және меншікті капиталының минималды мөлшеріне қойылатын талаптарды орындауын бақылау;
   3) Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау әдістемесін анықтайтын, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын, Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайын бағалау.
3. Биржа мүшелерінің қаржылық жағдайына жүргізілген мониторинг нәтижелері Басқарманың карауына жататын есептер түрінде рәсімделеді.

## 6 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

**24 бап. Даулар мен келіспеушіліктерді реттеу**

1. Биржа мүшесі мен Биржаның арасында туындаған даулар мен келіспеушіліктер (Директорлар кеңесінің шешімімен Биржадағы мүшелікті біржола тоқтату сұрақтары бойынша даулар мен шиеленісулерді қоспағанда) келіссөздер жүргізу арқылы реттеледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.
2. Егер келіссөздер арқылы тараптардың бір-біріне тиімді шешім қабылдауы мүмкін болмаса, шешілмеген (Директорлар кеңесінің шешімімен Биржадағы мүшелікті біржола тоқтату сұрақтары бойынша даулар мен шиеленісулерді қоспағанда), тараптардың келісімімен, Даулар мен шиеленісулерді шешу комиссиясына беріледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен толықтырылған)*.
3. Даулар мен келіспеушіліктерді шешу комиссиясының қабылдаған шешіміне, осындай шешім қабылданғаннан кейін бір ай ішінде, Директорлар кеңесіне шағымдануға болады.
4. Егер Даулар мен келіспеушіліктерді шешу комиссиясының шешіміне Директорлар кеңесіне шағым берілсе, осы шешімнің орындалуы уақытша тоқтатылады.
5. Биржа Басқармасының шешіміне және/немесе Даулар мен келіспеушіліктерді шешу комиссиясының шешіміне шағымдану туралы өтініш Директорлар кеңесініңжуырдағы отырысында қаралады.
6. Егер дауды (шиеленісуді) Даулар мен келіспеушіліктерді шешу комиссиясымен немесе Директорлар кеңесімен шешілмесе, әрі қарай сот тәртібінде шешілуі мүмкін.

**25 бап. Осы Қағиданы қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Қағида Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. Осы Қағида қажетіне қарай, бірақ кемінде үш жылда бір рет жаңартылып тұруға жатады.

Басқарма Төрайымы Алдамберген А.Ө.

Мүшелік туралы қағидаға

**1 қосымша**

## Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелігіне үміткерлерге және мүшелеріне қойылатын

# Т А Л А П Т А Р

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*

| № р/с | Талаптардың атауы | "валюталық" санат | "қор", "деривативтер" санаттары |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 1. | Қазақстан Республикасында заңды тұлға ретінде тіркелу | + | + |
| 2. | Қаржылық есеп берушіліктердің халықаралық стандарттары және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп берушілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есеп берушілікті құрастыру | + | + |
| 3. | Уәкілетті органмен белгілеген жарғылық капиталдың жеткіліктілік нормативын орындау | + | + |
| 4. | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен белгіленген, меншікті капиталдың жеткіліктілік нормативтерін орындау | + | + |
| 5. | Уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін, тәуекелдерді басқару жүйесі болуы тиіс | + | + |
| 6. | Уәкілетті орган берген қолданыстағы лицензиясы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, ұлттық және шетел валютасындағы банктік операцияларды жүзеге асыруға, соның ішінде шетел валюталарымен мәмілелер (айырбастау операцияларын) жасауға, немесе Уәкілетті орган берген, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға (шетел валютасын қолма-қол ақшалай айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоспағанда) құқық беретін қолданыстағы лицензиясы болуы тиіс | + | – |
| 7. | Уәкілетті орган берген қолданыстағы лицензиясы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметін жүзеге асыруға құқығы болуы тиіс | – | + |

**Кестеге ескерту:**

1. 2 бағанда "+" белгісі – осы талап "валюта" санаты бойынша Биржа мүшелігіне үміткерлерге (Биржа мүшелеріне) қойылатынын білдіреді; "–" белгісі – осы талап "валюта" санаты бойынша Биржа мүшелігіне үміткерлерге (Биржа мүшелеріне) қатысты қойылмайтынын білдіреді *(осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

2. 3 бағандағы "+" белгісі – осы талап "қор" санаты бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша Биржа мүшелігіне үміткерлерге (Биржа мүшелеріне) қатысты қойылатынын білдіреді; "–" белгісі – осы талап "қор" санаты және/немесе "деривативтер" санаты бойынша Биржа мүшелігіне үміткерлеріне (Биржа мүшелеріне) қатысты қойылмайтынын білдіреді *(осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

Мүшелік туралы қағидаға

**2 қосымша**

## Шетелдік заңды тұлғалар болып табылатын, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелігіне кандидаттарға және мүшелеріне қойылатын

# Т А Л А П Т А Р

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*

| № р/с | Талаптардың атауы | "валюталық" санат | "қор", "деривативтер" санаттары |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 1. | "Шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына қор биржасына мүшелікке қабылдану үшін қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 360 қаулысымен белгіленген талаптарға (критерийлерге) сәйкес келетін заңды тұлға болып табылуы тиіс *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі және 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)* | + | + |
| 2. | *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген және Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен алынып тасталған)* | | |
| 3. | FATF әрекеттегі мүшесінің мәртебесі бар немесе FATF ассоциацияланған мүшесі (байқаушы) болып табылатын, аймақтық топ мүшесінің мәртебесі бар мемлекетте құрылған болуы тиіс *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)* | + | + |
| 4. | Қазақстан Республикасымен қосарланған салықтан құтылу және кіріс пен капиталға (мүлікке) салынатын салықтарды төлеуден қашудың алдын алу туралы халықаралық келісім-шарт (конвенция, келісім) жасасқан мемлекетте құрылуы тиіс | + | + |

| № р/с | Талаптардың атауы | "валюталық" санат | "қор", "деривативтер" санаттары |
|---|---|---|---|
| A | 1 | 2 | 3 |
| 5. | Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметі және қаржы нарығындағы басқа да лицензияланған қызметтер түрінің мақсаттары үшін тізімі Қазақстан Республикасында анықталған, оффшорлық аймақтардың ешқайсысында заңды тұлға ретінде тіркелген (мекеме) болмауы тиіс | + | + |
| 6. | Биржаның шетелдік мүшесі болып қабылдау туралы өтініш берген күнге дейін кемінде екі күнтізбелік жыл құқықтар (лицензиялар немесе рұқсаттар) негізінде қызметін жүзеге асыруы тиіс | + | + |
| 7. | Негізгі бөлімдерінде IOSCO[1] нысанған немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісіне[2] сәйкес орнатылған, бағалы қағаздар нарығының брокер-дилерлері үшін тәуекел-менеджментті ұйымдастыру бойынша қағидаларына сәйкес келетін, тәуекелдерді басқару жүйесінің бар болуы | + | + |
| 8. | Қаржылық есеп берушіліктің халықаралық стандарттарының немесе Америка Құрама Штаттарында қолданыстағы қаржылық есеп берушіліктің стандарттарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есеп берушілікті құрастыру | + | + |
| 9. | 400 000 АЕК баламалы мәнінен кем емес жарғылық капиталдың бар болуы | + | – |
| 10. | Жарғылық капиталдың мөлшерінен кем емес меншікті капиталдың бар болуы | – | + |
| 11. | Шетелдік мүшелікке үміткер (Биржаның шетелдік мүшесі) заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің биржасының қолданыстағы (қор биржасының) мүшесі болып табылады, Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы үміткер рұқсат алуға ниетті қаржы құралдарының сол түрлерімен сауда-саттыққа қатысу құқығымен немесе Биржаның шетелдік мүшесінің рұқсаты бар *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)* | - *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)* | + |

---

1 "International Organization for Securities Commissions" ағылшын сөз тіркесінің аббревиатурасы – Бағалы қағаздар бойынша комиссиялардың халықаралық ұйымы. Risk Management and Control Guidance for Securities Firms and their Supervisors, A Report by the Technical Committee of the International Organization of Securities Commissions (May, 1998, 31 p., http://www.iosco.org/library/pubdocs/pdf/IOSCOPD78.pdf).

2 Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылдың 26 қыркүйегіндегі № 209 қаулысымен бекітілген, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелері.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылдың 12 қарашасындағы № 188 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру ережелері *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*.

| № р/с | Талаптардың атауы | "валюталық" санат | "қор", "деривативтер" санаттары |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 12. | Заңнамасына сәйкес шетелдік мүшелікке кандидат (Биржаның шетелдік мүшесі) құрылған мемлекеттің шетелдік реттеуші органы IOSCO-ның түсіністік, ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы көпжақты меморандумына қол қойды немесе заңнамасына сәйкес шетелдік мүшелікке кандидат (Биржаның шетелдік мүшесі) құрылған мемлекеттің Standard & Poor's шкаласы бойынша "ВВВ -" деңгейінен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (рейтинг берілген (жаңартылған немесе расталған) күн бойынша неғұрлым кешірек есепке алынады) *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)* | – | + |
| 13. | Қолданыстағы заңнамаға сәйкес рұқсаттың (лицензияның немесе құқықтың) бар болуы қарастырылған болса, шетелдік реттеуші орган берген шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруды қоса алғанда, бағалы қағаздардан өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға қолданыстағы рұқсаттың (лицензияның немесе құқықтың) болуы *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)* | + | – |
| 14. | Шетелдік реттеуші органмен берілген, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы рұқсаты (лицензиясы немесе құқығы) болуы тиіс | – | + |

**Кестеге ескерту:**

1. 2 бағанындағы "+" белгісі – талап "валюталық" санат бойынша Биржаның шетелдік мүшелеріне (Биржаның шетелдік мүшелеріне) үміткерлерге қатысты қолданылатынын білдіреді; "–" талап "валюталық" санат бойынша Биржаның шетелдік мүшелеріне (Биржаның шетелдік мүшелеріне) үміткерлерге қатысты қолданылмайтынын білдіреді *(осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. 3 бағанында "+" белгісі – талап "қор" санаты бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша Биржаның шетелдік мүшелеріне (Биржаның шетелдік мүшелеріне) үміткерлерге қатысты қолданылатынын білдіреді; "–" талап "валюталық" санат бойынша және/немесе "деривативтер" санаты бойынша Биржаның шетелдік мүшелеріне (Биржаның шетелдік мүшелеріне) үміткерлерге қатысты қолданылмайтынын білдіреді *(осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

Мүшелік туралы қағидаға

**2-1 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*

## АХҚО қатысушылары болып табылатын, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелігіне үміткердерге және мүшелеріне қойылатын

# Т А Л А П Т А Р

*(Осы тақырыптама Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*

| № р/с | Талаптың атауы | "валюталық" санаты | "қор", "дериватившер" санаттары |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 1. | "Шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына қор биржасына мүшелікке қабылдану үшін қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылдың 30 қыркүйегіндегі № 360 қаулысымен белгіленген талаптарға (критерийлерге) сәйкес келетін заңды тұлға болуы | + | + |
| 2. | Халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарының талаптарына немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есеп берушілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп берушілік жасау | + | + |
| 3. | Биржа мүшелігіне қабылдау туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде күнтізбелік бір жыл құқықтар (лицензиялар немесе рұқсаттар) негізінде қызметтін жүзеге асыру | + | + |
| 4. | Кем дегенде 500 000 АҚШ долларына баламалы меншікті капиталға ие болу | + | + |
| 5. | Жарғылық капиталдың мөлшерінен кем емес меншікті капиталға ие болу | + | + |
| 6. | IOSCO нұсқаған немесе Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актісінде немесе АХҚО реттеуші органы белгілеген бағалы қағаздар нарығының брокер-дилерлері үшін тәуекел-менеджментті ұйымдастыру жөніндегі қағидаларға негізгі бөлігінде сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы | + | + |

**Кестеге ескертпелер:**

1. 2 бағанында "+" белгісі – талап "валюта" санаты бойынша Биржа мүшелігіне үміткерлерге (Биржа мүшелеріне) қатысты қолданылатынын білдіреді *(осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. 3 бағанында "+" белгісі – талап "қор" санаты бойынша және/немесе "дериватившер" санаты бойынша Биржа мүшелігіне үміткерлерге (Биржа мүшелеріне) қатысты қолданылатынын

білдіреді *(осы ескерту Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 04 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

Мүшелік туралы қағида

**3 қосымша**

## Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын, Биржа мүшелігіне үміткерлердің ұсынуы тиіс құжаттардың
| 6. | Аяқталған соңғы күнтізбелік тоқсаннан кейінгі келесі айдың бірінші жұлдызындағы жағдай бойынша аффилиирленген тұлға туралы мәліметтер | Тоқсан сайын, бірақ аяқталған соңғы күнтізбелік тоқсаннан кейінгі келесі айдың соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей | Мәліметтер Биржаға, қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурсында аффилиирленген тұлғалар тізімдерін орналастыру мақсатында акционерлік қоғамдар үшін Уәкілетті |

| № р/с | Құжаттардың атауы | Ұсыну мерзімдері | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| | | | органмен белгіленген, нысан бойынша ұсынылады.<br>Биржаның листингілік компаниясы болып табылатын Биржа мүшелеріне таралмайды |

**5 кесте. Биржаның листингілік компаниясы болып табылмайтын, Биржа мүшелерінің уақиғаның орын алған датасынан бастап 10 жұмыс күн аралығында ұсынылатын, құжаттар мен ақпараттар**

| № р/с | Құжаттың/ақпараттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 3 | 3 |
| 1. | Биржа мүшесінің мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын, құжат | Биржа мүшесінің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті (анықтаманы) алған күні | .pdf форматында.<br>Қолданымды заңнамаға сәйкес.<br>Түпнұсқа (төлнұсқа) немесе нотариуспен расталған көшірме түрінде ұсынылады.<br>Осы құжаттың растығын, осы құжатты берген, органның интернет-ресурсынан тексеру мүмкіндігі болса, электрондық құжат ұсынылған жағдайда нотариустың растауы талап етілмейді |
| 2. | Мемлекеттік тіркеуге жататын, Биржа мүшесінің жарғысына тіркелген өзгертулер және/немесе толықтырулардың көшірмесі | Биржа мүшесі жарғыға тіркелген өзгертулер және/немесе толықтырулардың көшірмесін алған күні | .pdf форматында.<br>Нотариуспен расталған көшірмелер түрінде ұсынылады |
| 3. | Мемлекеттік тіркеуге жатпайтын, Биржа мүшесінің жоғарғы органымен бекітілген, Биржа мүшесінің жарғысына тіркелген өзгертулер және/немесе толықтырулардың көшірмесі | Биржа мүшесінің жарғысына тіркелген өзгертулер және/немесе толықтырулардың жоғарғы органмен бекіткен күні | .pdf форматында. |

| № р/с | Құжаттың/ақпараттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 3 | 3 |
| 4. | Биржа мүшесінің жаңа редакциядағы жарғысының көшірмесі | Биржа мүшесінің тіркелген жарғыны алған күні | .pdf форматында.<br>Қолданымды заңнамаға сәйкес.<br>Нотариуспен расталған көшірме түрінде ұсынылады |
| 5. | Биржа мүшесінің мәжбүрлі жойылуы немесе қайта ұйымдастырылуы туралы сот шешімі, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарының мәжбүрлі жойылуы немесе қайта ұйымдастырылуы туралы ақпарат | Тиісті сот шешімінің заңды күшіне енген күні | .pdf форматында. |
| 6. | Биржа мүшесінің акционерлерінің жалпы жиналысымен немесе жалғыз акционері қабылдаған, шешімдер туралы ақпарат | Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының немесе жалғыз акционердің (қатысушының) шешім қабылдаған күні | .pdf форматында. |
| 7. | *(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған)* | | |
| 8. | Биржа мүшесінің қандай да бір ұйымдардың әрқайсысының акцияларының 10 және одан аса пайызын (үлесін, үлеспұлын) иеленген ұйымдар тізімі туралы және/немесе осы тізімнің өзгеруі туралы ақпарат | Биржа мүшесінің қандай да бір ұйымның акцияларының 10 және одан аса пайызын (үлесін, үлеспұлын) иеленуін растайтын құжаттарды алған күні | .pdf форматында. |
| 9. | Биржа мүшесінің акционерлерінің құрамы туралы және/немесе Биржа мүшесінің дауыс беретін акцияларының (үлестерінің, үлеспұлдарының) 10 және одан аса пайызын иеленген, акционерлердің құрамы өзгергені туралы ақпарат | Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде өзгерістердің тіркелгенін растайтын құжаттарды эмитенттің алған күні *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен өзгертілген)* | .pdf форматында. |

| № р/с | Құжаттың/ақпараттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 3 | 3 |
| 10. | Биржа мүшесінің директорлар кеңесінің немесе Биржа мүшесінің тиісті органының шешімдері туралы ақпарат:<br>– акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы;<br>– акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың саны шегіде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастфру (сату) әдісі және бағасы туралы;<br>– егер кері сатып алынатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санына бір пайыздан асатын болса, Биржа мүшесінің орналастырылған акцияларды кері сатып алуы және олардың кері сатып алу бағасы туралы;<br>– облигациялар мен туынды бағалы қағаздардың шығарылымы туралы;<br>*(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 карашасындағы шешімімен өзгертілген)* | Биржа мүшесінің директорлар кеңесінің немесе Биржа мүшесінің шешім қабылдауға өкілденген уәкілетті органының шешім қабылдаған күні. | .pdf форматында. |
| 11. | Соның салдарынан, теңгерімдік құны Биржа мүшесі активтерінің жалпы көлемінен 10 және одан аса пайызын құрайтын, Биржа мүшесінің мүлігі жойылған, төтенше оқиға сипатындағы жағдайлардың туындағаны туралы ақпарат | Төтенше оқиға сипатындағы жағдайлардың туындаған күні | .pdf форматында. |

**6 кесте. Биржаның листингілік компаниясы болып табылмайтын, Биржа мүшесінің уақиғалары туындаған күннен кейінгіүш жұмыс күнде ұсынылатын, құжаттар мен ақпарат**

| № р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 1. | *(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған)* | | |
| 2. | Биржа мүшесі қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсат (лицензия) алғаны, Биржа мүшесі қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға алдында берілген рұқсаттың (лицензияның) қолданысы уақытша немесе біржола тоқтатылғаны туралы ақпарат, тиісті құжаттардың (рұқсаттардың, лицензиялардың, өзгенің) көшірмелерін қосып берумен | Биржа мүшесі қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсат (лицензия) алғанын, Биржа мүшесі қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға алдында берілген рұқсаттың (лицензияның) қолданысы уақытша немесе біржола тоқтатылғанын растайтын, тиісті құжаттарды алған күні | .pdf форматында.<br>Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға және шетелдік және ұлттық валюталармен банктік операцияларды өткізуге лицензия да нотариуспен расталған көшірме түрінде ұсынылады |
| 3. | "Биржа мүшесінің бір мезгілде мынадай шарттарға жауап беретін ірі мәмілелер және/немесе мәмілелер жасауы туралы ақпарат: Биржа мүшесінің жасауға мүдделілігі бар және, оның құны уәкілетті орган осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күнге Биржа мүшесі активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 және одан аса пайызын құрайтын, мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер болып табылады *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)* | Келісім-шарт немесе келісім-шартқа қосымша келісім жасасу датасы және/немесе, ірі мәмілені және/немесе мүдделі мәмілені жасасу үшін мемлекеттік немесе басқа да тіркеу қажет болса, мәміленің мемлекеттік тіркеуін немесе басқа да тіркеуін растайтын құжаттарды Биржа мүшесі алған күні. | .pdf форматында.<br>Нәтижесінде Биржа мүшесінің активтерінің жалпы теңгерімдік құнының 10 және одан аса пайызын құрайтын сомаға мүлік сатып алынған немесе сатылған мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары туралы, сатып алынған немесе сатылған активтер туралы, мәміленің мерзімдері мен шарттары туралы, тартылған тұлғалардың қатысу сипаты мен үлестері туралы, сондай-ақ мәміле туралы басқа да мәліметтерді бар-жоғы туралы мәліметтер мазмұндалуы тиіс |
| 4. | *(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған)* | | |
| 5. | Биржа мүшесінің активтерінің жалпы теңгерімдік құнынан 10 және одан аса пайызын құрайтын Биржа мүшесінің мүлігіне тыйым салу (тыйымды алып тастау) туралы ақпарат. | Биржа мүшесінің мүлігіне тыйым салу (тыйымды алып тастау) туралы шешімді Биржа мүшесі алған күні | .pdf форматында. |

| № р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 6. | Корпоративтік дау бойынша сот ісінің қозғалуы туралы ақпарат | Корпоративтік дау бойынша азаматтық істің қозғалуы туралы тиісті сот ескертпесін (шақыртуын) Биржа мүшесі алған күннен кейін үш жұмыс күн аралығында | .pdf форматында. |
| 7. | Биржа мүшесінің активтерінің жалпы теңгерімдік құнынан 10 және одан аса пайызын құрайтын Биржа мүшесінің мүлігін кепілге (қайта кепілге) қою туралы, сондай-ақ Биржа мүшесінің активтерінің жалпы теңгерімдік құнынан 10 және одан аса пайызын құрайтын Биржа мүшесінің мүлігінен кепілді (қайта кепілді) алып тастау туралы ақпарат | Кепілге қойылуы Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілеріне сәйкес тіркелуге жататын, Биржа мүшесінің мүлігіне қатысты – кепіл (қайта кепіл) туралы келісім-шарттың тіркеуін растайтын, құжаттарды Биржа мүшесі алған күні.<br><br>Кепілге қойылуы Қазақстан Республикасының заңшығарушы актілеріне сәйкес тіркелуге жатпайтын, Биржа мүшесінің мүлігіне қатысты – кепіл (қайта кепіл) туралы келісім-шартты жасасқан күні.<br><br>Биржа мүшесі кепілді (қайта кепілді) алып тастауды растайтын, құжаттарды Биржа мүшесі алған күні. | .pdf форматында. |
| 8. | Биржа мүшесінің активтерінің жалпы теңгерімдік құнынан 25 және одан аса пайызын құрайтын көлемде Биржа мүшесінің несие алуы туралы, сондай-ақ осы несие бойынша негізгі берешек пен есептелген сыйақыны толық өтеу туралы ақпарат | Биржа мүшесінің несие немесе несиелік линия туралы келісім-шарт жасасқан күні немесе осы несие немесе несиелік линия бойынша негізгі берешек пен есептелген сыйақыны толық өтеген күні.<br><br>Биржа мүшесінің бір несиелік линия шегінде алған және өтелмеген несиелері есептелген сыйақысымен қосқандағы сомасы, Биржа мүшесінің активтерінің жалпы теңгерімдік құнынан 25 және одан аса пайызын құрайтын көлемге жеткенде. | .pdf форматында. |
| 9. | *(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған)* | | |

| № р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 10. | *(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталған)* | | |
| 11. | Биржа мүшесінің жарғысына, сондай-ақ оның бағалы қағаздарының шығарылым аңдатпасына сәйкес, Биржа мүшесінің акционерлерінің немесе инвесторларының мүддесін қозғайтын, өзге де уақиғалар туралы ақпараттар | "Акционерлік қоғамдар туралы" заңында және "Бағалы қағаздар нарығы туралы" заңында бағалы қағаздар ұстаушыларының назарына ақпаратты жеткізудің өзге мерзімдері белгіленбесе, Биржа мүшесінің жарғысына, сондай-ақ оның бағалы қағаздарының шығарылым аңдатпасына сәйкес, Биржа мүшесінің акционерлерінің немесе инвесторларының мүддесін қозғайтын уақиғаның туындаған күні.<br>Беймемлекеттік облигациялардың шығарылым аңдатпасында қарастырылған, шарттарды Биржа мүшесінің орындамаған күні. | .pdf форматында. |
| 12. | Биржа мүшесінің негізгі қызмет түрлерін өзгерткені туралы ақпарат. | Уәкілетті органда тіркелген жарғыны және (немесе) жарғыға енгізілген өзгертулерді алған күні | .pdf форматында. |

| № р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| A | 1 | 2 | 3 |
| 13. | Акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) немесе Биржа мүшесінің Директорлар кеңесі бір мезгілде мынадай шарттарға жауап беретін ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасасу туралы қабылдаған шешім туралы ақпарат: эмитент жасауға мүдделілігі бар және құны эмитенттің уәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күнге эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 және одан аса пайызын құрайтын, мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылады *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)* | Биржа мүшесінің Директорлар кеңесі немесе Биржа мүшесінің тиісті органы осындай мәмілелерді жасасу шешімін қабылдауға уәкілетті шешім қабылдаған күн | .pdf. форматында |
| *(Осы жол Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен енгізілген)* | | | |

**Кестеге ескертулер:**

1. "Қазпошта" АҚ үшін 2 кестеде белгіленген есеп берушіліктер мен мәліметтерді ұсыну мерзімі – есептік тоқсаннан кейінгі келесі айдың 25 жұлдызынан кешіктірмей.
2. "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ 3 кестенің 2-5 жолдарында белгіленген мәліметтерді ұсынбайды.

Мүшелік туралы қағидаға

**10 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 карашасындағы және 2022 жылдың 26 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*

## Биржа мүшелері-шетелдік заңды тұлғалар және АХҚО қатысушылары ұсынуға жататын құжаттар

## Т І З Б Е С І

**1 кесте. Есептік жылдан кейінгі жылдың 30 маусымынан кешіктірмей жыл сайын ұсынылатын мерзімді есеп берушілік**

| № р/с | Құжаттың атауы | Ескерту |
|---|---|---|
| А | 1 | 2 |
| 1. | Соңғы аяқталған қаржы жылындағы Биржа мүшесінің жылдық қаржылық есеп берушілігі (еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есеп берушілік және аудиторлық есеппен расталған Биржа мүшесінің жеке қаржылық есеп берушілігі | Көрсетілген қаржылық есеп берушілік Америка Құрама Штаттарында қолданылатын халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарына немесе қаржылық есеп берушілік стандарттарына сәйкес жасалуы керек және .pdf форматында электронды түрде ұсынылуы керек және осы есеп берушіліктің қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі болуы керек |

**2 кесте. Биржаның шетелдік мүшесі немесе АХҚО қатысушысы соның заңнамасына сәйкес құрылған мемлекеттің немесе юрисдикцияның реттеуші органы белгілеген күннен кешіктірмей, тоқсан сайын, АХҚО қатысушылары болып табылатын, Биржаның шетелдік мүшелері және "қор" санатындағы және/немесе "туынды құралдар" санатындағы Биржа мүшелері ұсынатын, мерзімді есеп берушілік**

| № р/с | Құжаттың атауы | Ескерту |
|---|---|---|
| А | 1 | 2 |
| 1. | Биржа мүшесінің есептік тоқсандағы аралық қаржылық есеп берушілігі (еншілес ұйым (еншілес ұйымдар) болған жағдайда – шоғырландырылған қаржылық есеп | Көрсетілген қаржылық есеп берушілік Америка Құрама Штаттарында қолданылатын халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарына немесе қаржылық есеп берушілік стандарттарына сәйкес жасалуы тиіс және қаржылық жағдай мен жиынтық табыс туралы есептерден тұруы тиіс немесе қаржылық есеп |

| | | |
|---|---|---|
| | берушілік және жеке қаржылық есеп берушілік | берушілік заңнамасына сәйкес Биржаның шетелдік мүшесі құрылған мемлекеттің реттеуші органы белгілеген талаптарға сәйкес жасалуы тиіс.<br>.xls (.xlsx) немесе .pdf форматында электронды түрде беріледі. |
| 2. | Пруденциалдық нормативтердің және/немесе өз мәні бойынша ұқсас және өз мақсаты бойынша ұқсас өзге де нормативтердің немесе көрсеткіштердің мәні мен есебі туралы мәліметтер | Аталған мәліметтер Биржаның шетелдік мүшесі құрылған заңнамаға сәйкес .xls (.xlsx) немесе .pdf форматында құрастырылуып, есептелуі және электрондық түрде берілуі тиіс |

**3 кесте. Биржаның шетелдік мүшесі немесе АХҚО қатысушысы соның заңнамасына сәйкес құрылған мемлекеттің немесе юрисдикцияның реттеуші органы белгілеген күннен кешіктірмей, АХҚО қатысушылары болып табылатын, Биржаның шетелдік мүшелері және "валюталық" санаттағы Биржа мүшелері ай сайын ұсынатын мерзімді есеп берушілік**

| № р/с | Құжаттың атауы | Ескерту |
|---|---|---|
| А | 1 | 2 |
| 1. | Биржа мүшесінің есептік айдағы аралық қаржылық есеп берушілігі | Көрсетілген қаржылық есеп берушілік Америка Құрама Штаттарында қолданылатын халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарына немесе қаржылық есеп берушілік стандарттарына сәйкес жасалуы тиіс және қаржылық жағдай мен жиынтық табыс туралы есептерден тұруы тиіс немесе қаржылық есеп берушілік заңнамасына сәйкес Биржаның шетелдік мүшесі құрылған мемлекеттің реттеуші органы белгілеген талаптарға сәйкес жасалуы тиіс.<br>.xls (.xlsx) немесе .pdf форматында электронды түрде беріледі. |
| 2. | Пруденциалдық нормативтердің және/немесе өз мәні бойынша ұқсас және өз мақсаты бойынша ұқсас өзге де нормативтердің немесе көрсеткіштердің мәні мен есебі туралы мәліметтер | Аталған мәліметтер Биржаның шетелдік мүшесі құрылған және .xls (.xlsx) немесе .pdf форматында электрондық түрде берілген заңнамаға сәйкес құрастырылуы және есептелуі тиіс. |

**4 кесте. Осы қосымшада белгіленген мерзімде ұсынылатын құжаттар мен ақпарат**

| № р/с | Құжаттың атауы | Ұсыну мерзімдері | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 1. | Соның заңнамасына сәйкес Биржаның осы шетелдік мүшесі құрылған мемлекеттің заңнамасына сәйкес есептелген, Биржа мүшесінің пруденциалдық нормативтерді және/немесе өз мәні бойынша және өз мақсаты бойынша ұқсас өзге де нормативтерді немесе көрсеткіштерді бұзғаны туралы мәліметтер | Бұзушылық туындаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде | Көрсетілген мәліметтер бұзылған норматив (норма, лимит) және осындай бұзушылықтың күні және жою жөнінде қабылданған іс-шаралар көрсетілген ресми хат түрінде ұсынылады. Хат .pdf форматында электронды түрде ұсынылуы керек және осы хаттың қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі болуы керек. |
| 2. | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері бойынша Биржа клиентінің жаңартылған сауалнамасы | Биржа мүшесі бұрын ұсынылған сауалнамадағы мәліметтердің өзгергенін растайтын құжаттарды алған күннен кейін он жұмыс күні ішінде | Жаңартылған сауалнаманы Биржа мүшесі бұрын ұсынылған сауалнамада көрсетілген бестен астам мәліметтер өзгерген жағдайда ұсынады және Биржаның интернет-сайтында "Ережелер" бөлімінің "Мүшелік" кіші бөлімінде қолжетімді түсіндірмелерге (нысандар мен түсіндірмелер) сәйкес нысандардың бірі бойынша толтырылады.<br>Бұрын ұсынылған сауалнамада көрсетілген бес және одан аз мәліметтер өзгерген жағдайда, жаңартылған мәліметтер Биржаға ілеспе хатпен бірге беріледі.<br>Жаңартылған сауалнамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттар, сондай-ақ бұрын ұсынылған сауалнамада көрсетілген мәліметтердің өзгеруі, егер Биржада құжаттың дұрыстығын қолжетімді көздер арқылы тексеру мүмкіндігі болмаса, түпнұсқалар (төлнұсқалар) немесе нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылуы тиіс |
| 3. | Халықаралық экономикалық санкциялар режимінің сақталуын қамтамасыз ету | Биржа мүшесі бұрын ұсынылған сауалнамадағы мәліметтердің өзгергенін | |

| № р/с | Құжаттың атауы | Ұсыну мерзімдері | Ескерту |
|---|---|---|---|
| A | 1 | 2 | 3 |
| | бөлігінде ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелері бойынша Биржа клиентінің жаңартылған сауалнамасы | растайтын ақпаратты және/немесе құжаттарды алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде | |
| 4. | Биржа мүшесінің атқарушы органының құрамындағы сондай-ақ басқару органының немесе, мұндай органның болуы осы Биржа мүшесінің жарғысында көзделсе, Биржа мүшесінің Байқау кеңесінің құрамын көрсете отырып, Биржа мүшесінің тиісті органының құрамында болған өзгерістер (сайлауды қоса алғанда, өзгерістер) туралы ақпарат | Тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде. | .pdf форматында. |
| 5. | Биржа мүшесінің заңды және/немесе нақты орналасқан жерінің өзгеруі туралы ақпарат | Өзгерген күннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей | .pdf форматында. |
| 6. | Бірінші басшының және оның орынбасарларының, бас бухгалтердің және оның орынбасарларының, Биржамен өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берілген адамдардың қолтаңбаларының үлгілері (түпнұсқалығы нотариалды куәландырылған) бар жаңартылған құжат (мысалы, карточка) | Қол қою үлгілері осы құжатқа енгізілген кез келген тұлғаның өкілеттігі тоқтатылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей | Егер қолданыстағы заңнамада осындай құжаттың болуы және/немесе өз мақсаты бойынша осындай немесе ұқсас құжаттағы қолтаңба үлгілерінің түпнұсқалығын нотариалды куәландыру қарастырылмаса, онда өз мақсаты бойынша осындай немесе ұқсас құжаттағы қолтаңба үлгілерінің түпнұсқалығы қолданыстағы заңнамаға немесе Биржа мүшесінің ішкі құжаттарына сәйкес куәландырылуы тиіс |

**5 кесте. Оқиға туындаған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде ұсынылатын, құжаттар мен ақпарат**

| № р/с | Құжаттың/ақпараттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 3 | 3 |
| 1. | Биржа мүшесінің мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжат | Биржа мүшесінің мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікті (анықтаманы) алған күні | .pdf форматында.<br>Қолданыстағы заңнамаға сәйкес.<br>Сондай-ақ түпнұсқа (төлнұсқа) немесе нотариалды куәландырылған көшірме түрінде ұсынылады.<br>Құжаттың дұрыстығын осы электрондық құжатты берген органның интернет-ресурсы арқылы тексеру мүмкіндігі болса, нотариалдық куәліктің электрондық құжаты ұсынылған жағдайда талап етілмейді |
| 2. | Мемлекеттік тіркеуге жататын Биржа мүшесінің жарғысына тіркелген өзгерістердің және/немесе толықтыруларның көшірмесі | Биржа мүшесінің жарғыға тіркелген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды алған күні | .pdf форматында.<br>Нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде де ұсынылады |
| 3. | Биржаның шетелдік мүшесінің жоғары органы бекіткен, мемлекеттік тіркеуге жатпайтын Биржа мүшесінің жарғысына енгізілген өзгерістердің және/немесе толықтырулардың көшірмесі | Биржаның шетелдік мүшесінің жоғары органының жарғыға өзгерістер және/немесе толықтырулар бекіткен күні | .pdf форматында. |
| 4. | Биржа мүшесінің тіркелген жаңа редакциядағы жарғысының көшірмесі | Биржаның шетелдік мүшесінің тіркелген жарғыны алған күні | .pdf форматында.<br>Қолданыстағы заңнамаға сәйкес.<br>Нотариалды куәландырылған көшірме түрінде де ұсынылады |
| 5. | Биржа мүшесін мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі туралы ақпарат | Соттың тиісті шешімінің заңды күшіне енген күні | .pdf форматында. |

| № р/с | Құжаттың/ақпараттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| A | 1 | 3 | 3 |
| 6. | Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы немесе Биржа мүшесінің жалғыз акционері (қатысушысы) қабылдаған шешімдер туралы ақпарат | Акционерлердің (қатысушылардың) немесе жалғыз акционердің (қатысушының) жалпы жиналысы шешімінің қабылданған күні | .pdf форматында. |
| 7. | Тізім туралы және/немесе Биржа мүшесі әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) 10 және одан да аса пайызына ие ұйымдар тізіміндегі өзгеріс туралы ақпарат | Биржа мүшесінің Биржа мүшесінің ұйымдағы акциялардың (үлестердің, пайлардың) 10 және одан аса пайызын иеленгенін (иеленуін тоқтатқанын) растайтын құжаттарды алған күні | .pdf форматында. |
| 8. | Биржа мүшесі акционерлерінің (қатысушыларының) құрамы туралы және/немесе Биржа мүшесінің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 10 және одан аса пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамындағы өзгеріс туралы ақпарат | Биржа мүшесінің өзгерістердің тіркелгенін растайтын құжаттарды алған күні | .pdf форматында. |
| 9. | Баланстық құны Биржа мүшесі активтерінің жалпы мөлшерінің 10 және одан аса пайызын құрайтын Биржа мүшесінің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы туралы ақпарат | Төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындаған күні | .pdf форматында. |

**6 кесте. Оқиға туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ұсынылатын, құжаттар мен ақпарат**

| № р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 1. | Қызметтің (іс-қимылдың) қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Биржа мүшесі бұрын алған рұқсаттардың (лицензиялардың) қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы, тиісті құжаттардың (рұқсаттардың, лицензиялардың, өзгелердің) көшірмелерін қоса бере отырып, Биржа мүшесінің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат (лицензия) алуы туралы ақпарат | Биржа мүшесінің Биржаның шетелдік мүшесінің қызметтің (іс-қимылдың) қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға рұқсат (лицензия) алғанын, бұрын алынған, Биржа мүшесінің қызметтің (іс-қимылдың) қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға рұқсаттар (лицензиялар) алғанын растайтын тиісті құжаттарды алған күні | Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға және шетел және ұлттық валютада банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиялардың көшірмелері нотариалды куәландырылуы тиіс.<br>Егер құжаттың дұрыстығын осы электрондық құжатты берген органның интернет-ресурсы арқылы тексеру мүмкіндігі болса, нотариалдық куәліктің электрондық құжаты ұсынылған жағдайда талап етілмейді |
| 2. | Құны Биржа мүшесі активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 және одан аса пайызын құрайтын Биржа мүшесінің мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу) туралы ақпарат | Биржаның шетелдік мүшесінің Биржаның шетелдік мүшесінің мүлкіне тыйым салу (мүлкін тыйым салудан алу) туралы шешімді алған күні | .pdf форматында. |
| 3. | Сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат | Биржа мүшесі корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруды) алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде | .pdf форматында. |

| № р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 4. | Биржа мүшесінің мүлкін осы Биржа мүшесі активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 және одан аса пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ осы Биржа мүшесі активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 және одан аса пайызын құрайтын сомаға Биржа мүшесінің мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу туралы ақпарат | Биржа мүшесінің кепіл (қайта кепіл) туралы келісім-шарттың тіркелгенін растайтын құжаттарды алған күні – кепіл Резиденция елінің заңдарына сәйкес тіркелуге жататын мүлікке қатысты.<br>Биржаның шетелдік мүшесінің мүлкін кепіл (қайта кепіл) туралы шарт жасасу күні – кепілі резиденттік елінің заңдарына сәйкес тіркелуге жатпайтын мүлікке қатысты.<br>Биржа мүшесінің Биржаның шетелдік мүшесінің мүлкін кепілден (қайта кепілден) алғанын растайтын құжаттарды алған күні. | .pdf форматында. |
| 5. | Биржа мүшесінің Биржа мүшесі активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 25 және одан аса пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алғаны туралы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы ақпарат | Биржа мүшесінің қарыз немесе кредиттік желі туралы келісім-шарт жасасу немесе Биржа мүшесінің осы қарыз немесе кредиттік желі бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу күні.<br>Бір кредиттік желі шеңберінде есептелген сыйақыны ескере отырып алынған және өтелмеген қарыздардың жалпы сомасы Биржа мүшесі активтерінің жалпы баланстық құнының 25 және одан аса пайызына жеткенде. | .pdf форматында. |
| 6. | Биржа мүшесінің негізгі қызмет түрлерін өзгертуі туралы ақпарат | Уәкілетті органда тіркелген жарғыны және (немесе) жарғыға енгізілген өзгерістерді алу күні | .pdf форматында. |

| №<br>р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| A | 1 | 2 | 3 |
| 7. | Биржа мүшесінің жарғысына, сондай-ақ оның бағалы қағаздарының шығарылым аңдатпасына сәйкес Биржа мүшесі акционерлерінің (қатысушыларының) және/немесе инвесторларының мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпарат | Қолданыстағы заңнамада бағалы қағаздарды ұстаушылардың ақпараттың назарына жеткізудің өзге мерзімдері көзделмесе, жарғыға және оның бағалы қағаздарының шығарылым аңдатпасына сәйкес, акционерлердің Биржа мүшесінің және/немесе инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалардың туындаған күні.<br>Биржа мүшесінің беймемлекеттік облигациялардың шығарылым аңдатпасында қарастырылған шарттарды сақтамаған күні. | .pdf форматында. |
| 8. | Биржа мүшесіне және/немесе оның жекелеген қызметкерлеріне соттардың, анықтау және тергеу органдарының, атқарушылық іс жүргізу органдарының өз өндірісіндегі қылмыстық және азаматтық істер бойынша санкциялар, ықпал ету шараларын қолдануы туралы; оның мүлкіне тыйым салу туралы мәліметтер | Биржа мүшесінің мәліметтерді алған күні | .pdf форматында. |
| 9. | Биржа мүшесі соның заңнамасына сәйкес құрылған мемлекет заңнамасының талаптарын орындамау үшін оған реттеуші орган тарапынан қандай да бір ықпал ету шаралары қолданылғаны туралы мәліметтер | Биржа мүшесінің мәліметтерді алған күні | .pdf форматында. |

| № р/с | Құжаттың атауы | Туындаған күні | Ескерту |
|---|---|---|---|
| А | 1 | 2 | 3 |
| 10. | Биржа мүшесін немесе оның трейдерін (трейдерлерін) барлық немесе жекелеген қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысудан шеттету туралы, шетел (қор) биржасындағы барлық немесе жекелеген санаттар бойынша мүшелікті тоқтата тұру немесе тоқтату туралы мәліметтер | Биржаның шетелдік мүшесінің мәліметтерді алған күні | .pdf форматында. |
| 11. | Шетелдік мүше мүшесі болып табылатын шетелдік (қор) Биржаның өз мүшелеріне қоятын талаптарын сақтамауы және соның салдарынан оған осы биржаның қандай да бір ықпал ету шараларын қолдануы туралы мәліметтер | Биржаның шетелдік мүшесінің мәліметтерді алған күні | .pdf форматында. |

Мүшелік туралы қағидаға

**11 қосымша**

## Ақпараттарды жасыру немесе уақытылы ашпау үшін

## Ы Қ П А Л Ш А Р А Л А Р

| Ереже бұзушылықтың реттік нөмірі | Мерзімдік есеп берушілік | | Ағымдағы қызметі туралы ақпарат |
|---|---|---|---|
| | Биржа мүшесі болжамды ереже бұзушылық туралы ескертті | Биржа мүшесі болжамды ереже бұзушылық туралы ескерткен жоқ | |
| Бірінші | Ескерту | 30 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | Ескерту |
| Екінші | 10 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 50 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 10 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі |
| Үшінші | 30 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 80 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 20 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі |
| Төртінші | 50 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 100 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 30 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі |
| Бесінші | 70 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 130 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі | 40 АЕК көлемінде тұрақтысыздық төлемі |
| Алтыншы немесе кез келген келесісі | Басқарманың карауына мүшелікті уақытша тоқтату мүмкіншілігі туралы сұрақты шығару немесе, осы сұрақты қарау нәтижесінде Директорлар кеңесі мүшелікті уақытша тоқтату туралы шешім қабылдамаса, алдында қойылған тұрақсыздық төлемдерінің ең соңғысының көлемінен 30 АЕК ұлғайтылған мөлшердегі, тұрақсыздық төлемі *(осы ұяшықтың мәтіні Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)* | | |

Мүшелік туралы
қағидаға

**12 қосымша**

## Мүшелік туралы
# К Е Л І С І М - Ш А Р Т

Бұдан әрі **"Биржа"** деп аталатын, "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлік қоғамы, бір тараптан, және, бұдан әрі **"Биржа мүшесі"** деп аталатын, [Биржа мүшесінің толық атауы және оның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны], екінші тараптан, бұдан әрі жеке-жеке **"Тарап"** деп және бірге **"Тараптар"** деп аталып, қосылу келісім-шарты (Келісім-шарт) болып табылатын, осы Келісім-шартты төмендегілер туралы жасасты:

**1 бап.** **Келісім-шарттың мәні**

1. Мүшелік туралы қағидамен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін, Биржадағы мүшелікке байланысты Тараптардың қарым-қатынастары осы Кеілісм-шарттың мәні болып табылады.
2. Осы Келісім-шартпен Биржа мүшесі:
   1) Қағидамен және Биржаның басқа да құжаттарымен танысып, аталмыш Биржаның ішкі құжаттарының нормаларының мәнін түсініп, аталмыш Биржаның ішкі құжаттарынмен және олардың нормаларымен келісетінін растайды;
   2) Қағидамен және Биржаның басқа да ішкі құжаттарымен қарастырылған талаптар мен міндеттерін орындауға міндеттеледі.

**2 бап.** **Тараптардың жауапкершілігі**

1. Тараптар осы Кеілісми-шартпен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған, өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі күұжаттарында қарастырылған шарттар мен тәртіпте жауапты болады.
2. Биржа мүшесі барлық тұрақсыздық төлемдер (айыппұлдар), олардың мөлшері, шарттары және оларды төлеу тәртібі туралы ескертілгенін, сондай-ақ осындай тұрақсыздық төлемдермен (айыппұлдармен), олардың мөлшері, шарттары және оларды төлеу тәртібімен келісетінін растайды.
3. Тараптар осы баптың шарттарын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 294 бабына сәйкес, тұрақсыздық туралы келісім деп мойындайды.

**3 бап.** **Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

1. Тараптар Келісім-шарт бойынша бір-бірінің алдында өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиісті орындамағаны үшін жауапкершіліктен, егер осы еңсерілмейтін күш жағдайының салдарынан болса, босатылады.
2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп табиғи апаттарды, дүлей күш, соғыс, әскери әрекеттер, танкестік актілер, халық наразылығы, заңнаманың өзгеруі, реттеуші (уәкілетті) органдардың әрекеттері мен шешімдері және, Тараптар болжай алмаған немесе Тараптардың Келісім-шарт бойынша өз міндеттерін орындауына кедергі болған, басқа да жағдайларды түсіну керек.

3. Еңсерілмейтін күш жағдайы пайда болғанда Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі, осы жағдайдың мерзіміне, жылжытылады.
4. Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау еңсерілмейтін күштер жағдайына байланысты мүмкін болмаған, Тарап дереу, осындай жағдайдың пайда болған күннен бастап 10 күннен кешіктірмей осындай жағдайдың басталуы (тоқтауы) туралы екінші Тарапқа хабарлауы тиіс.
5. Еңсерілмейтін күштің басталуы және тоқтауы, тиісті органдармен (ұйымдармен) берілген, (шығарылған, жарияланған, қабылданған), құжатпен расталуы тиіс.
6. Егер еңсерілмейтін күш жағдайы бір айдан астам уақытқа созылса, тараптар осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін әрі қарай орындаудан ба тартуға құқылы, бұл ретте Тараптардың бірі екінші Тараптан қандай да бір шығындарды өтеуді талап етуге құқы жоқ.

## 4 бап. Келісім-шарттың қолданыста болу мерзімі және қорытынды қағидалар

1. Келісім-шарт Биржа мүшесі өзінің Биржа мүшесі болып қабылданғаны туралы Биржаның жазбаша ескертпесін алған сәттен бастап жасалды деп саналады. Бұл ретте Келісім-шарттың талаптары, оны жасаған күннен бастап, Тараптардың арасындағы қарым-қатынастарға қатысты қолданылады.
2. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
3. Келісім-шарттың қолданысы, Биржа мүшесінің мүшелігі, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған, негіздер бойынша біржола тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.

   Егер Биржа мүшесі Қағидаға және/немесе Биржаның басқа да ішкі құжаттарына енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларға байланысты келіспеушілігін білдірсе, Келісім-шартт орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте мұндай бас тарту Биржа мүшелігінен өз еркімен шығумен теңестіріледі және осы Келісім-шарт Биржа мүшесінің мүшелігі біржола тоқтату туралы Биржаның тиісті шешімі қабылданған күннен бастап бұзылды деп саналады.
4. Биржа мүшесі осы Келісім-шарт бойынша өзінің құқығы және/немесе міндеттемелерін, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген жағдайлардан басқа, үшінші тараптарға беруге құқы жоқ.
5. Биржаның заңды мекен-жайы, деректемелері және ішкі құжаттары Биржаның интернет-ресурсында (www.kase.kz) жарияланған.

Мүшелік туралы қағидаға

**13 қосымша**

*(Осы қосымша Биржаның Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 29 қарашасындағы шешімімен алынып тасталған)*

Мүшелік туралы қағидаға
**14 қосымша**

## Тәуекелдерді басқару жүйесін өзін-өзі бағалау

## КАРТАСЫ

* Осы картада Ұйым деп Биржа мүшелігіне үміткерді түсіну керек

| |
|---|
| 1. Ұйым оның заңты тұлғасы болып табылатын, мемлекеттің уәкілетті органы IOSCO кеңес беру, ынтымақтастық және ақпараттармен алмасу туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылған ба? |
| |
| "Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек |
| |
| 2. Ұйымның тәуекелдерді басқару жүйесі бар ма? |
| |
| "Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. |
| 3. Ұйымның тәуекелдердің біріктірілген немесе жекеленген түрлерін басқару бойынша ішкі саясаттары және процедуралары бар ма? |
| |
| "Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" болса – осы саясаттар мен процедураларды атап шығу керек |
| 4. Ұйымның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі саясаттар мен процедураларының қолданысы оның шетелдегі еншілес ұйымдарына, тәуелді акционерлік қоғамдарына, филиалдарына, өкілеттіліктеріне (бар болса) тарайды ма? |
| |
| "Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "жоқ" болса – осы саясаттар мен процедуралардың қолданысы тарамайтын, ұйымдардың, қоғамдардың, филиалдарының, өкілеттіліктердің атауларын (аттарын) және орналасқан жерін атау |
| 5. Ұйымда тәуекелдерді бақылауға жауапкершілік анықталған ба? |
| |
| "Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек |
| 6. Ұйымның тәуекелдерді басқарудың нақты ұйымдастырылған құрылымы бар ма (операциялардың көлемдеріне қарай орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған, тәуекелдерді ішкі бақылау функциясын бөліп шығарумен, операциялық бөлімшелердің тәуекелдерді бағалауға қатысуы, тәуекелдерді өлшеу, мониторинг жүргізу және бақылауға жауапкершілікті тәуекел туындаған операцияларды (негізгі бизнестің) жүргізуден бөліп шығарумен, тәуекелдердің жағдайы туралы жоғарғы менеджментке есепшіліктің тәуелсіз линиясы)? |
| |
| "Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" – құрылымның қалай құрылғанын көрсету |
| 7. Ұйымның тәуекелдерді басқаруда өкілеттілікті бөлу жүйесі, жауапкершілік аймақтары қиылысқан жағдайда немесе операцияларға ерекше бақылау қажеттілігі туындаған жағдайда алқалы шешім қабылдау механизмі бар ма? |
| |

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек

8. Ұйымның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі саясаттар мен процедуралардың тиімділігін бағалауды оның ішкі аудит жөніндегі құрылымдық бөлімшесімен және "сыртқы" аудиторлық ұйыммен бағалау жүргізіледі ме?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" болса – соңғы ішкі және "сыртқы" аудиторлық тексерудің датасы мен нәтижесін атау

9. Ұйымның ішкі бухгалтерлік бақылау мен тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етуге арналған механизмдері бар ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек

10. Ұйымның клиенттердің тәуекелдерін бағалау процедуралары бар ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек

11. Ұйымның біріктірілген тәуекелдерге, тәуекелдердің кейбір түрлеріне, жеке құрылымдық бөлімшелерге, мәмілелер жасасатын жеке тұлғаларға қатысты тәуекелдердің шектелімдерін орындайды ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек

12. Ұйым тәуекелдерді төмендету әдістерін (жеджерлеу, сақтандыру, кепілдеу, рұқсаттаманы шектеу, резервтегі қуаттылықтарды құру) қолданады ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" болса – атап шығу

13. Ұйым тәуекелдердің жағдайы туралы ақпараттандыру және есеп беру жүйелерін, соның ішінде шектелімдермен салыстырып тексеру, брокер-дилер үшін материалды маңызы бар барлық аспектілерде және шоғырлауда үздіксіз мониторинг және тәуекелдердің ішкі бақылауы қолданады ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" болса – атап шығу

14. Ұйым тәуекелдерді реттеу бойынша қабылданған шешімдердің тәртібін, соның ішінде ішкі бақылау қызметінің орындауға міндетті уақытша нұсқамаларын беруді, орындайды ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек

15. Ұйым тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін (тәуекелдердің қабылданған деңгейлерінің дұрыстығын, шектелімдердің адекваттылығын, тәуекелдерді өлщеу әдістерінің сәйкестігін, саясаттар мен процедуралардың адекваттылығын (нарықтық жағдайлардың, персоналдың, технологиялардың өзгеруі тұрғысынан)) үздіксіз бағалауды қолданады ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" болса – атап шығу

16. Ұйым жетекшіліктің бір рет белггілеген, тәуекелдерді бақылау механизмдерінің жұмыс тиімділігін тексеруді жүргізеді ме?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек

17. Ұйымның төтенше жағдайлардағы әрекеттердің жоспары, соның ішінде түрлі тәуекелдердің (менеджменттің әрекеттерін үйлестіру тәртібі, адекватты ақпаратты қолдау, міндеттердің нақты бөлінуі арнайы жағдайларда операцияларды жүргізуді қамтамасыз ету, қалпына келтірудің мехнизмдері және операциялық қабілеттілікті қолдаудың экстремалды көздері) бар ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" болса – атап шығу

18. Ұйым тәуекелдерді бағалау әдістерін, соның ішінде тәуекелдерге сезімталдықты талдау, сценарийлік талдау, стресс- және бэк-тестілеу (тәуекелдің туындауымен байланысты ең нашар сценарийлер) қолданады ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек. Егер жауап "иә" болса – атап шығу

19. Ұйым тәуекелдерді, олар анықталғаннан кейін, бақылауды орындауды тексеру үшін механизмдерді қолданады ма?

"Иә" немесе "жоқ" деп жауап беру керек